# XII ҒАСЫР ҒАЛЫМЫ ӘЗ-ЗАМАХШАРИДІҢ ӨМІРІ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

11. YÜZYIL ÂLİMLERİNDEN EZ-ZEMAŞEHRİ'NİN HAYATI VE ESERLERİ

THE LIFE AND WORKS OF 11TH CENTURY SCHOLAR EZ-ZEMAŞEHRI

**Елеужан Серімов / ELEVJAN SERIMOV**
Қазақстан Республикасы Қарағанды қаласы «Болашақ» академиясы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің бастығы, заң ғылымдарының кандидаты
https://orcid.org/0000-0003-3145-2598

Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Dergisi-Journal of Turkish Researches Institute
TAED-62, Mayıs-May 2018 Erzurum
ISSN-1300-9052

Makale Türü-*Article Types* : Araştırma Makalesi-Research Article
Geliş Tarihi-*Received Date* : 25.01.2018
Kabul Tarihi-*Accepted Date* : 11.05.2018
Sayfa-*Pages* : 37-72
doi : http://dx.doi.org/

www.turkiyatjournal.com
http://dergipark.gov.tr/ataunitaed
*This article was checked by*
iThenticate

ATATÜRK ÜNİVERSİTESİ
TÜRKİYAT ARAŞTIRMALARI ENSTİTÜSÜ DERGİSİ
JOURNAL OF TURKISH RESEARCHES INSTITUTE
TAED-62, 2018. 37-72

# XII ҒАСЫР ҒАЛЫМЫ ӘЗ-ЗАМАХШАРИДІҢ ӨМІРІ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

## 11. YÜZYIL ÂLİMLERİNDEN EZ-ZEMAŞEHRİ'NİN HAYATI VE ESERLERİ

## THE LIFE AND WORKS OF 11TH CENTURY SCHOLAR EZ-ZEMAŞEHRI

ЕЛЕУЖАН СЕРІМОВ / ELEVJAN SERIMOV

**Öz**

Yaşadığı dönemin en önemli alimlerinden biri olan ancak bilim dünyasında hak ettiği yeri bulamayan Ez-Zemaşehri'nin Mukaddimetü'l Edeb sözlüğü yazıldığı dönem bakımından Orta Türkçe, yazıldığı yer bakımından Orta Asya, yazıldığı zaman bakımından ise Orta Asır yazma eserler mirası arasında yer almaktadır. Bu eser üzerine bugüne kadar kapsamlı bir çalışma yapılmamıştır. Mukaddimetü'l Edeb, Orta Asya'da Deşt-i Kıpçak, Harezm, Karahanlı ve Selçuklu gibi büyük devletlerin kurulduğu bir coğrafyada, başka bir deyişle Aral Gölü ile Sirderya Nehri'nin orta ve aşağı kısmından güney ve batıya doğru göç eden Oğuz tayfalarının son kısmı ile onların yerine gelen Kıpçak tayfalarının avangard kısmının birbiriyle karışıp, kaynaştığı zamanda, burada canlanan birçok topluluğun bir araya geldiği çağda yazılan bir eserdir. Bu eser için Orta Asya'yı mekân tutan halkların ortak eseri denilmesinin en önemli sebebi de budur. Bu eserin asıl nüshası kaybolmuştur. Eserin iki kopyası 1926 yılında Buhara'daki Ebu Ali İbn-i Sina Kütüphanesinde bulunmuş ve ilim âleminde tanınmaya başlamıştır. Buhara'da bulunan bu elyazmalarından ilki hicrî 705 (m. 1305) yılında Hamid Hafız tarafından yazılmıştır. Onda sadece Arap, Fars ve Türk dillerine ait materyaller toplanmıştır. Arapça sözlerden sonra Farsça, Türkçe ve Moğolca tercümelerinin olduğu ikinci nüsha ise hicrî 893 (m.1492) yılında Derviş Muhammed tarafından yazılmıştır. Yapılan bu çalışmanın Türk halklarının dilinin, tarihinin ve etnografyasının araştırılması hususunda fayda sağlayacağı düşünülmektedir.

**Abstract**

Mukaddimetü'l Edeb Dictionary of Ez-Zemaşehri, who was one of the most significant scholars of his era though not receiving the value he deserved in science world, is among the Middle Turkish manuscripts in terms of the era, Central Asia in terms of the place and Middle Century in terms of time it was written. This manuscript has not been examined comprehensively yet. Mukaddimetü'l Edeb is a masterpiece which was written in a place where such great states as Desht-i Kipczak, Khorezm, Karakhanid and Seljuq were established. In other words, it was written in an era when Oghuz tribes migrating from the middle parts of the Aral Sea and Syr Darya to southern and western parts and the avant-garde Kipczak tribes replacing them met and many societies springing in the area socialized with each other. That is why, this masterpiece is referred as the common work of folks settling in Central Asia. The original copy of this masterpiece is lost. Two copies of the work were found in Ebu Ali İbn-i Sina Library in Bukhara in 1926 and came to be known in science world. The first of these two copies found in Bukhara was written by Hamid Hafiz in the hijri year 705 (1305 A.D.). It was a collection only of Arabic, Persian and Turkish language items. The second copy involving Persian, Turkish and Mongolian translations besides Arabic ones was written by Dervish Muhammed in the hijri year 893 (1492 A.D.). This study is thought to contribute to the examination of the language, history and ethnography of Turkish peoples.

Диалектика заңы бойынша әрбір қоғамдық құбылыстың пайда болу, қалыптасу, даму кезеңдері бар. Халық қоғамдық фактор десек, әрбір халықтың тумысынан басынан кешетін өзіндік тарихы болады. Осы өсу, даму тарихында жасаған ғасырлармен өлшенетін ұзақ әлеуметтік қалыптасу үстінде қорланған рухани байлығы да үнемі бірге жетіліп отырады. Бұл заңдылық түркі халықтарының тарихына көз жүгірткенде тұрақты түрде белгі береді.

Көне түркілер ілкі дәуірде-ақ тасқа қашалып түсірілген ойма жазумен бірге соғда, ұйғыр, брахми, манихей, тибет делінетін әр түрлі жазу үлгілерін пайдаланып, кейіннен біржола араб әліпбиіне көшкені мәлім. Осы жазба үлгілері негізінде жасап қалдырған түркілік жазба мұраларында олардың талайғы тарихы айқын өрнектеліп сақталған. Ал бұл деректер олардың иірімі мол мыңдаған оқиғаларға толы ғұмырының көркем бейнесі болып табылатын жазба мұрағаты, яғни рухани тарихы да күрделі болғандығын, өздеріне лайық, дербес, жоғары өркениетті деңгейін көрсететін мәдениет үлгілері жеткілікті дәрежеде болғандығын баршаға айғақтай алады.

Ұлттық мәдениетіміздің ұлттық бітімін қалыптастыруда елеулі орны бар түркі жазба мұраларының ғасырлар бойғы даму барысында эпитафиялық (құлпытастық) сипаттан шын мәніндегі түрлі ғылым салаларына сараланған (тіл білімі, әдебиет, эпистолярлық жазба, астрономия, математика, т.б.) классикалық мәдениет деңгейіне, сол кездегі этолондық сапада барынша қарқынды дамыған көршілес шығыс халықтарымен мәдени байланысы арқылы қол жеткені талас тудырмайтын тарихи шындық. Мұндай диалектикалық бірлікте дамыған халықтардың мәдениетіндегі өзара әсер-ықпалдың түп-төркіні, жіті ден қойсақ, сонау, көне дәуірлерде жатқандығын анық байқай аламыз. Әсіресе осы алыс-беріс мәдени қатынас ортағасырларда арабтардың Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстік бөлігіне экспанция жасап, өз мәдениеті мен әдебиетін, тілі мен дінін кеңінен тарату жағдайынан кейін мейлінше насихаттау арқылы қарқынды дамыды. X-XII ғасырлардағы бұл кезеңнің түркілік мәдениет тарихында “мұсылман дәуірі” аталуының бір мәнісі осында жатса керек. XII ғасырлық аз-Замахшаридің “Мукаддимат әл-әдаб” (бұдан әрі - “Мукаддимат”) сөздігі жазылу мерзімі жағынан осы “мұсылман дәуірі” туындылары қатарына кіреді. Бұл кезең жалпы түркі халықтарының жазба тарихын танудағы алғашқы кезең болып саналады.

Жалпы Орта Азияда өркен жайған араб-парсы және түркі мәдениеті бір-бірімен георафиялық белдеулер арқылы ғана емес, сонымен бірге көркемдік-эстетикалық жағынан да қосылады. Мәшһүр ғалым Е.Э. Бертельстің ортағасырлық әдебиет турасында айтқан: ”Орта Азия халықтары әдебиетінің тарихын олардың бәріне ортақ ертедегі жазу-сызулардан, әдеби нұсқалардан бастау керек… IX ғасырда негізгі әдеби тіл болған араб тілінің орнын X ғасырда парсы тілі басты. Араб тілі тек ғылым мен дін саласында қалып еді. X ғасырда парсы тілі ғылымға да енді. Ал әдебиеттегі үшінші ағайыны – түркі системасындағы әр түрлі тілдер қосылды. Бірақ бұлар үш түрлі әдебиет емес, үш түрлі тілді пайдаланған бір ғана әдебиет” [1,8] дейтін сөзі осы тарихи шындыққа негізделген. Ендеше бұл тұстағы мәдениет бастауларын – ескі жәдігерліктерді

бір ғана халыққа телудің реті жоқ. Тек бастысы әр халық оған өзіндік қатысын ғылыми түрде анықтауға тиіс. Оларды, араб-парсы, түркі тілдік мәдениетін, бөле-жара алып қараудың көп жағдайда қисыны келе бермейді. Сондықтан белгілі бір уақыт аясында генетикалық бірлікте қарастырған лəзім. Соған орай мәселенің осы жағын қатты қадағалап, ортағасырлардағы араб-парсы тілдік мәдениетінің түркі тілдік мәдениетіне тигізген игі әсерін сөз ету әлдеқайда иінді келеді. Өйткені араб жазуы, араб-парсылық негізде туған көшелі мәдениет көршілес түркілік рухани дүниені түлетті, жаңғыртып дамытты.

Қайсы бір дәуірдің тарихи-әлеуметтік болмысын егжей-тегжейлі білмей тұрып, сол кезең жазба мұраларының сыр-сипатын, жазылу себебін терең түсіну әсте де мүмкін емес. Бұл қағида қай ғылымда болмасын ұстанар сара жол. Айтпағымыз, зерттеуіміздің арқауы – бұрын-соңды отандық баспасөз бетінде сөз етілмей, қазақтың түркітанушы ғалымдарымыздың көбінің назарынан тыс қалып, әлі күнге ескерусіз жатқан орта ғасырдың орта тұсындағы жазба жәдігерлікті сөз еткенде, сол дәуірдің кескін-келбетін ашатын кей тарихи жағдайларға аз-кем тоқтала кеткен жөн.

Сөз жоқ, XI ғасырдың басында түркілер суперэтнос санатында сөне бастады. Даладағы әскери-саяси жетекшілік бірте-бірте қыпшақ конфедерациясындағы тайпаларға көшіп, олар "түркі" деген жиналмалы этнонимді ысырып тастап, өзі суперэтносқа – барлық тайпалардың жиынтық атауына айналды, басқа тайпалардың бірден бір ұйтқысы болды.

XI ғасырдың екінші ширегінде қыпшақ тайпаларының ақсүйектері оғыз жабғысын Сырдарияның орта және төменгі сағасынан тықсырды. Осылайша осы аймақтағы этникалық-саяси ахуалдың өзгеруіне сәйкес жазба деректерде аталып келген "Оғыздар даласының" ("Мафазат әл-гуз") орнына осыдан бастап "Дешт Қыпшақ" аты пайда болды. Маңғыстау мен оған таяу жатқан аудандарды алғаннан кейін, қыпшақтар енді Хорезм мемлекетінің теріскей шебіне келіп жетеді. [2,550].

Бұл кезде Әмударияның төменгі сағасындағы аса құнарлы топырақты аймақта орналасқан Хорезм Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстік бөлігінде аса маңызды орын алды. Ол 999 жылы Самандықтар мемлекетін күйретіп, Әмуге дейінгі жерге иелік еткен Қарахан мемлекетіне де, Әмудің арғы жағын жаулаған Ғазналықтар мемлекетінің де құрамына кірмей, өз алдына жеке дербес мемлекет болып бөлек құрылды. Осы кезден бастап Орта Азия мен Шығыс Еуропа, Қазақстанның көшпелі тайпалары мен Моңғол, Қытай елдерін байланыстырып жатқан керуен жолдарының нақ ортасында, тоғыз жолдың торабында тұрған Хорезм біртіндеп нығая берді. Шығыс саяхатшылары өздерінің жол жазбаларында Хорезмді өте бай, ілім-білім, мәдениеті жоғары дамыған мемлекет ретінде сипаттаған. Мәселен Хорезм туралы Макдиси: "Бұл қалалары көп, шексіз аймақ… Оның халқы ғылым жолына жан-тәнімен шынайы берілген біліктілер" деп жазса, Хорезмде сауда-саттықтың кеңінен орын алғанын "Худуд әл-Алам" авторы да айтады. [3,185]. В.В. Бартольдтың мәлімдеуі бойынша "Хорезмнің УІІІ ғасырға дейінгі саяси тарихы белгісіз" [4,544].

ҮІІІ ғасырда араб жаулауынан кейін Хорезм екі саяси жікке бөлінеді. Бірі – Қият қаласы орталығы болған оңтүстік аймақ та, екіншісі — орталығы Үргеніш

болған солтүстік жағы. Үргеніште басқарған Мамун ибн Мухаммед екі бөлінген елді бір орталыққа бағындырып, Хорезмді біртұтас мемлекет етіп, өзіне “хорезмшах” дәреже-лауазымын алады. Осы уақыт аралығында Оғыз (Селжұқ) мемлекетінің қол астына бағынған XI ғ. ортасына дейін, хорезмшахтарының екі әулеті билік алмастырып үлгереді. Ондаған жылдар бойына ол оғыздардың шеткері аймағы боп қала берді. Бірақ, XI ғасырдың аяғы мен XII ғасырдың басында басқыншы оғыздарға қарсы күресте Хорезм ерекше күшейді.

XI ғасырдың орта шамасында Орта Азияға жаңа бір түркі тайпасы – қыпшақтар басып кіріп, олардың дүмпуіне шыдай алмаған оғыздардың бір тобы – Киев Русі мен Византияға қарай шегінеді де, ендігі бір бөлігі – Хорасан мен Иран ауады. Соңғысында Селжұқтар ерекше көзге түседі. Сөйтіп тарих сахнасына жаңа жұрт – түркімендер шығады. Түркімендер өзге оғыз тайпаларынан гөрі жергілікті иран тұқымдас халықтармен етене араласып, ежелгі аландар мен хорезмдіктердің жұрнақтарын бойына молынан дарытады.

Осы жерде айта кетерлік бір жайт, кейбір деректер жоғарыда аталған хорезмшахтардың шыққан тегі оғыздардың бұл арада орнын басқан қыпшақ конфедерациясына кірген тайпалардың бірінен екенін көрсетеді. Мәселен, қыпшақтар туралы іргелі зерттеу жүргізген автор С. Ақынжанов: “Находясь в непосредственном близости с этим крупнейшим мусульманском государством В Средней Азии, племена кипчакского объядинения вынуждены были втянутся в орбиту их внешне-политических отношении, и настолько были связаны с жизнью Хорезма, что, возможно, из кипчакских вождей вышла последняя самая блестящая династия хорезмшахов” [5, 203] - деп, батыл байлам жасап, сол болжамдарын дәлелдеуге ұмтылады. Ал В.В.Бартольд: “...После отуречивания степи Хорезм больше других подвергся влиянию турецкого элемента…последние годы XI в. здесь утвердилась наследственная династия хорезмшахов, представители которых почти все носили турецкие имена” [6, 116] дейді.

Бұл айтылған деректер Хорезм мемлекетінің Дешт Қыпшақ елінің тарихына да белгілі дәрежеде қатысы бар екенін растайды. Шыққан тегі қыпшақ, әйгілі хорезмшах Атсыздың (Ала-уддавл Абу-л-Музафар Атсыз – 1128-1156) ғұлама ғалым әз-Замахшариге арабша-парсыша-түркіше сөздік жасауды тапсыруы тегіннен-тегін емес, оның астарында әлгіндей бір сырдың жатқаны айдан анық.

Өзіне тиісті лайық орнын таба алмай келе жатқан өз заманының ғұлама ғалымы әз-Замахшаридің “Мукаддимат әл-адаб” сөздігі дәуірі жағынан – орта (ескі) түркілік, жазылған жері жағынан – орта азиялық, уақыты жағынан – орта ғасырлық (XI-XIУ ғғ.) жазба мұралар қатарына жатады. Ол әлі күнге дейін толық мәндегі ғылыми тұрғыда талданған емес. “Мукаддимат әл-адаб” (арабша “мукаддимат” “кіріспе” деген ұғымды береді, “адаб” сөзі XI-XII ғасырлардағы шығыста бүкіл ғылымдардың жиынтық атауының орнына жүрсе, XII ғасырдан бастап өз ішінде сөздік, грамматика, риторика, метрика және поэзияны қамтыған тіл білімі мағынасында қолданылған. Сонда “Мукаддимат әл-адаб” аудармасы – “Тіл біліміне кіріспе”. Ол – Орта Азияда Дешт Қыпшақ, Хорезм, Қарахан, Селжұқ

секілді ірі бірлестіктер мен мемлекеттердің басы түйіскен жерінде, дәлірек айтқанда, Арал теңізінің маңы мен Сырдың орта, төменгі сағасынан оңтүстік пен батысқа қарай ауа көшкен оғыз тайпаларының соңғы сапы мен олардың орнын басқан қыпшақ тайпаларының алдыңғы авангард тобы бір-бірімен мидай араласып, біте қайнасып кеткен кезде, осындағы жанданған бірнеше мәдениеттің бір арнаға тоғысқан шағында жасалынған мұра. Оны Орта Азияны мекендеген халықтардың бәріне бірдей ортақ мұра дейтініміз де сондықтан. Бұл туындының түп-нұсқасы жоғалып кеткен. Алайда екі көшірме данасы 1926 жылы Бұқарадағы Әбу Әли ибн Сина атындағы кітапханадан кездейсоқ табылып, бұрынғы одақ көлеміне мәлім бола бастаған бері белгілі. Бұқарада табылған екі қолжазбаның бірін қыжраның 705 жылы (1305 ж.) хатиб ("қолжазбалар сақтаушы") Хамид Хафиз көшіріп жазған. Онда тек араб, парсы тілдік материалдары жинақталған. Ал, екінші бір араб сөздерін парсыша, түркіше, кейіннен монғолша тәржімалаған көшірмесі 893 жылы (1492 ж.) хатиб Дервиш Мухаммед деген кісі жасаған. Соңғысын кезінде өзбектерді билеген Абдулла ханның (1557-1598 жж.) тұсында ғұмыр кешкен Құл-Баба Көкілташ дейтін көрнекті бек белгілі бір кітапханаға мұра етіп қалдырса керек.

Сөз жоқ, аталған жәдігердің ғылымға, соның ішінде түркі халықтарының тілін, тарихын, этнографиясын зерттеушілерге тигізер пайдасының орасан мол екені даусыз. Әсілі, есте жоқ ескі замандардағы төл тарихымыз бен тума мәдениетімізге қатысты жазба ескерткіштері, ондағы орта азиялық ғалымдардың туындылары айрықша орын алады десек, әз-Замахшаридің "Мукаддиматы" дәл сондай туынды.

Ортағасырлық сөздіктер – қазақтың мәдениетінің нақты айнасы, сарқылмас бұлағы, қайнар көзі ретінде танылуы қажет. Түркілердің лексикографиясының дамуына негіз болған мұндай түркі тілдерінің түсіндірме сөздіктері ішінде бірегейі деп Махмұд Қашқаридің "Диуани лұғат ит-түрк" (XI ғ.) сөздігін атасақ, оған жазылу мерзімі жағынан ең жақын тұрғаны "Мукаддимат" екенін мойындаған лəзім. Шынында, XII ғасырдағы Қожа Ахмед Иассауиден бастау алатын ортағасырлық жазба мұралары ішінде бұл ең байырғысы да.

"Мукаддимат" авторы əз-Замахшаридің өмірі мен қызметі, ғалым ретінде қалыптасқан ортасы, тәрбие алған мектебі туралы мағлұмат тым мардымсыз. Ескі қыпшақ тілінің маманы профессор Ә.Құрышжанов оның есімін Әбу-л-Қасым Махмұд ибн Омар Жаралла əз-Замахшари деп атайды. Ол 1075 жылы Замахшар деген жерде туып, Гургандж (Үргеніш) қаласында дүние салған. Қайтқан жылын әркім әрқалай айтып жүр. Мәселен, Э.Н. Нәжіп 1142 жыл десе, Н.А. Баскаков пен И.Поппе 1143 жыл, ал Ә.Құрышжанов 1144 жыл көрсетеді [7, 46].

Әз-Замахшари негізінен Қазақстан мен Орта Азиядағы арабтілді мәдениет тарихынан үлкен орын алатын орта ғасырлық араб тіл білімі ғылымының дамуына ерекше үлес қосқан, араб грамматикасы мен лексикографиясы, стилистикасы мен риторикасы бойынша, сондай-ақ поэзия мен экзегетика (діни мәтіндерді талдап түсіндіру) жайында қомақты-қомақты шығармалар жазған әрə

өз кезеңінің дарынды ақыны болған, қаламын арабша, парсыша, түркіше қатар сілтеген дара тұлға [8, 542-556].

Мұсылман әлемінде Замахшаридің жоғары болғаны сонша, оның талантын бағалай келе тұстастары: “бүкіл арабтар мен араб еместердің ұстазы”, “Хорезм мақтанышы” (“Факр аль-Хауаризм”) деп, айрықша құрмет тұтқан. Замахшаридің замандасы Самани (1113-1167жж.) ол жайында “араб тілі мен тіл білімінің үлгі тұтарлық ғалымы” десе, Якут әл-Хамави (1179-1229 жж.): “Грамматика, лексикография, экзегетикаы қамтыған тіл білімінің имамы, жан-жақты дарын иесі” деп бағалаған, ал әл-Кифти болса (1172-1248 жж.): “Шынайы кітапқұмар, заманындағы нәсілі араб емес бір шоғыр алып ғалымдардың соңын ала туған, солардың ішіндегі ең біліктісі” дегенді айтады.

Замахшаридің географиялық шығармасын талдай келе академик И.Ю. Крочковский: “Ол – хиуалық, заманының асқан ғалымы әрі жазушысы, сол кезеңге тән нәсілі жағынан араб болмаса да, араб мәдениетінің өкілі… әсіресе, мутазилиттік (“мутазилит” – “бөлініп кеткен” деген сөз, УІІІ-ІХ ғасырларда – “адамды өз еркіне жіберу керек” деген көзқарасты көксеген) ағымдағы экзегет ретінде және бірқатар жоғары стильді көркем туындыларымен атағы шыққан... Ол ағаш аяғына қарамай көп жүріп, көпті көрген. Бірнеше жыл Меккеде тұрып, діндарлығымен “Жаралла” (“Алланың көршісі”) деген құрметті лауазымға ие болады. Палестина, Сирия, Месопотамия, Египет, Солтүстік Африка, Персия, Орта Азия жерлерін емін-еркін аралап, құнды жазбалар қалдырған. Әлемге әйгілі саяхатшы Ибн Батутаның өзі оның зиратына барып, мінәжат етіп қайтқан деген деректер келтіреді [9, 313].

Замахшаридің өмірі мен қызметі туралы әр еңбектерде там-тұмдап айтылған иненің жасуындай деректерді бір ізге түсіріп, тырнақтап жинап, кейінгі ұрпақтың кәдесіне жарату бүгінгі күн тәртібіндегі келелі міндет, қажеттіліктен туындап отырған іс деп білеміз. Өйткені, есте жоқ ескі дәуірлерден бері төл тарихымыз бен қолтума мәдениетіміздің өсіп-жетіліп дамуына орта ғасырлық ортаазиялық араб тілді ғалымдардың сіңірген еңбегі орасан зор [10, 617-625]. Керекті дәрежеде зерттелмегендіктен, осы күнге дейін олардың кейбіреуі тарихтан өзіне тиісті лайық орнын ала алмай жүр. Солардың бірі – Замахшари. Оның Сырдың орта, төменгі сағасы мен Хорезм жерінде белең алған оғыз-қыпшақ тілінде хатқа түскен “Мукаддимат” сөздігін профессор Ә. Құрышжановтан басқа түркітанушы қазақ ғалымдары ол жайында әлі күнге тіс жарып азды-көпті пікір білдірген емес [11].

Шынында, ІХ-ХІІ ғасырларда Хорезм мемлекетінің тілі мен діні, әдебиеті мен мәдениеті тікелей араб мәдениетінің әсер-ықпалымен өркендеп, дамығаны тарихтан аян. Оның орталығы – Гургандж қаласын арабтар 712 жылы жаулап алған. В.В. Бартольдтың айтуы бойынша, жергілікті халық оны – Гургандж, арабтар – Джурджания, осы аймаққа кейін келген түркілер – Үргеніш атап кеткен [12, 201, 527]. Сол кезде көршілес Сыр бойынан қоныс аударған оғыз-қыпшақ тайпаларының Хорезм өлкесіне тигізген ықпалы өте-мөте зор болды. Өз зерттеулері бойынша В.В. Бартольд монғол шапқыншылығына дейін-ақ Хорезмде жаппай түркілену процесі аяқталған болатын деген уәж айтады [13,

116]. Ендеше, Замахшаридің араб, парсы тілдерімен қоса түркі тілдерін жетік білуі астарында осындай заңдылық жатса керек. Замахшари сияқты екі-үш тілді қатар меңгеру орта ғасыр ақындары мен ғұламаларына ортақ қасиет еді. Еуропалық Қайта өрлеу кезеңі турасында айтқан Ф.Энгельстің: "Тогда небыло почти ни одного крупного человека, который, не совершал бы далеких путишествий, не говорил бы на четырех или пяти языках, не блистал бы в нескольких областях творчества" [14, 346] - дейтін сөздері Х-ХY ғасырлар аралығындағы орта ғасырлық шығысқа да тән ерекшелік-тін.

Замахшари он жеті жасына дейін балалық, бозбалалық шағын Хорезмді билеп-төстеген Мәлікшах (1072-1092жж.) тұсында өткізеді. Орта Азияға басып кірген Селжұқтар билік құрған аймақтарында үстемдігін нығайту үшін түрлі білімпаздар мен өнерпаздарды жинап, оларды өздеріне қызмет етуі үшін барынша күш салды. Осылайша өнер-білімге кеңінен жол ашу нәтижесінде сол тұста рухани мәдениет те мейлінше шарықтап дамыды.

Мәлікшах сарайындағы ең беделдісі – оның бас уәзірі Низам әл-Мүлк еді. Ол белсенді ағартушылық қызметімен танылып, ғылым мен өнердің дамуына үнемі қолдау көрсетіп отырған. Оның тікелей әмірімен Балх, Нишапур, Тус, Герат, Исфахан, Бағдат қалаларында көптеген дәріс берер оқу орындары ашылып, олар халық арасында оның атымен "Низамие медреселері" аталып кеткен. Айта кетерлігі, солардың ішіндегі ең атақтысы Бағдат медресесі есептелетін, онда кезінде төрткүл әлемге аты танымал, математик әрі астроном, философ әрі ақын Омар Һайям (1048-1131жж.) 1074-1092 жылдары қызмет істеген [15, 108-176].

Замахшари әуелі өз әкесінен сауатын ашып, хат таниды. Оқуға ынталы болып өсіп, келешегінен көп үміт күттіреді. Бірақ болашақ ғалым бала кезінде үйдің төбесінен құлап, аяғын мертіктіреді де, әрі қарай оқыттыруды армандаған әкесі амалсыз оны тігіншілікке баули бастайды. Алайда көкірегі ояу, көзі ашық, көңілі зерек бала әкесінің бұл дегеніне көнбей, оқуды жалғастырмақ ниетпен әкесінен өзін Үргеніштегі бір медресеге апарып тапсыруын өтінеді. Әке бала тілегін қабыл көріп, оны Үргеніштегі медресеге орналастырады. Үргеніште жас Махмұдқа қол ұшын берер ешкім жоқ. Күн көріс қиындығынан көп ауыртпалықты бастан кешіреді. Бірақ медреседегілер жас баланың каллиграфтық әдемі жазуына сүйсініп, оған қолжазбалар көшіруді жүктеп, сонысына ақы төлеп отырады. Осылайша жас Замахшари өмірге ерте араласады.

Оның ғалым ретінде қалыптасуына үлкен ықпал жасаған өз дәуірінің ғұламасы болған Әбу Мудар ад-Дабби еді (ол 1113 ж. қайтыс болған). Якут оны Замахшаридің алғашқы ұстаздарының біріне жатқызады [16, 549].

Сол кезеңге тән бірнеше ғылымды қатар меңгерген Әбу Мудар, әсіресе, араб тіл білімі мен медицинада өшпестей із қалдырды. Ол ислам дініндегі керітартпа ортодокстарға қарсы шығып, "ақыл культін" уағыздайтын мутазилиттік ағымның негізін салды. Замахшари тіл біліміне ғана емес, діни идеология саласында да ұстаз ілімін берік ұстанған үлгілі шәкірт болды. Ол қай кезде де бұл көзқарасын ешкімнен жасырған емес. Замандастарының көрсетуінше, ол өзін ашықтан ашық мутазилиттікпін деп айтып жүрген. Осы

идеялық бағыт оның тіл білімімен айналысуына түпкілікті жол ашты. Өйткені бұл ағымды уағыздаушылар идеялық қарсыластарымен айтыстарда жеңіп шығу үшін араб тілінің қыр-сырын жетік білуге мүдделі болды.

Замахшари өзінің поэзиялық туындыларында хорезмшахтың уәзірі Низам әл-Мүлкпен жақсы қарым-қатынаста болғанын әйгілейді [17,54]. Замахшари сол дәуірге тән шығыс әдебиетінің үлгісіне сай, сарай маңындағы поэзияның өзіндік этикасын сақтап, үстемдік жүргізген шах, сұлтандарға тағзым ете көптеген мадақ өлеңдер шығарған. Алайда кейін сарай ақсүйектерінен бойын аулақ ұстап, мемлекеттік мүддені ойлаудан гөрі өз күндерін алаңсыз тойлаумен өткізген бойкүйездікке, рухани жұтаңдыққа ұрынған олардан түңіліп, бірте-бірте оңашаланып, дәуріштік аскеттікті қалайды. Сөйтіп дүнияуи тірліктің қызығынан безіп, тақуалық жолға түсіп, Меккеге қажылыққа баруды мақсат тұтады. Кейбір зерттеушілер оның өміріндегі осындай өзгерістерді 512-513 жылдары (1118-1119жж.) қатты науқасқа шалдыққанымен байланыстырады. Сол жылдары ол: "Алла денсаулық берсе, сұлтан сарайының табалдырығын аттамауға, сұлтан кеңсесінің тіркеу кітабынан өзінің есімін сыздырып тастауға" бекінсе керек.

Шындығында оның сұлтан сарайынан кетуіне себеп болған нәрсе сол қоғамның саяси-әлеуметтік астарында жатқандығы сөзсіз. Сол аумалы-төкпелі аласапыран уақыттарда Селжұқ феодалдық мемлекетіндегі саяси қарым-қатынастар көптеген білімпаздарды сарай маңынан кетуге мәжбүр етті. Осындай опасыз қатал ортадан безген Замахшари сол кезеңде белең алған діни ағым – суфизмге ден қояды. Дәл сол тұста өз дәуірінің көрнекті діндар философы - Әл-Ғазали да Бағдаттың "Низамие медресесіндегі" "құрметті дәріскер" атағынан бас тартып, біржолата тақуалықты таңдап, Мекккеге қажылық сапар шегіп, суфизмнің теориялық негізін қалайды. Бұл ағым өмірге өз әдебиетін әкеле отырып, дәстүрлі поэзия канондарын өзгертті, ерекше символикалық шарттылық рухы басым эротикалық лириканың тууына себепші болды. Оның мәні – *Алланы сүю арқылы бақытқа жету*, яғни бір Аллаға арналған сүйіспеншілік *(ғашықтық)* сезім *(бірінші сүю*) еді. Ортағасырда суфизм ағымымен белгілі дәрежеде таза шығармашылық қарым-қатынаста болмаған білімдар зиялылар жоқтың қасы. Ендеше сол кезеңдегі қоғамның әр саласында софылық таным-түсініктің, оған тән белгілердің белең алуы заңды құбылыс. Сондықтан Замахшаридің діни пайымдауларының астарындағы ұлағатты ой иірімдерінде суфизмнің философиялық негізі байқалады.

Осы кезеңде ғұмыр кешкен әз-Замахшари мен әл-Ғазали сынды қос ғалымның өміріндегі тонның ішкі бауындай ұқсастықтарды, жіті қарағанда, көптеп табуға болады. Мәселен, әз-Замахшари – «Әл-Кашшаф» («Құранға түсіндірме»), әл-Ғазали – «Ихиа әл-улум» («Діни ғылымдардың қайта жандануы») атты еңбектерін екеуі де Мекке сапарында жазған.

Бұл кезең негізінен Замахшаридің өндіріп жазған жемісті шақтарына тұспа-тұс келеді. Сол уақыттарда ол, дәлірек айтқанда, 513-515 жылдары (1119-1121 жж.) "Әл-Массал" (араб грамматикасы бойынша жазған басты еңбегі) 516 жылы (1121ж) "әл-Фаик" атты екі томдық лексикографиялық еңбегін, ал 526-529 жылдары (1132-1135жж.) арасында "әл-Кашшафты", одан кейін "Асас әл-Балага"

аталатын екі томдық арабша сөздігін, "Навобиг əл-Калия и-Раби əл-Əбрар" деген көркем-дидактикалық шығармасын жазған.

Түркітанушылар үшін аса қымбат, өз кезінде ғылымда кеңінен танымал болған "Мукаддимат" еңбегін Замахшари Меккеге қажылыққа барған сапарынан кейін жазған деген жорамал бар [18, 553]. "Мукаддимат" əуел баста арабша-парсыша-түркіше, көп уақыт кейін белгісіз біреу моңғолшасын қасып төрт тілді сөздік болып жасалған. Бұл шығармасымен Замахшари түркілік дүниенің есігін қақты. Бізге Замахшари осы шығармасымен жақын. Бұл туынды Сыр бойының орта, төменгі жағынан бойлай енген оғыз-қыпшақ тайпаларымен үнемі саяси қарым-қатынаста болған сол тұстағы ірі тұлға хорезмшах Атсыз кітапханасы үшін арнайы жазылған. Ғылымда бұл еңбегін Замахшари Атсыз өтінішімен жазған деген де пікір бар. Мəселен, осы жазба жəдігердің Бұқарада сақталған көшірмесінің кіріспесінде мұны жазуына не түрткі болғаны Замахшари былайша түсіндіреді (А.К.Боровковтың редакциясымен басылған орысша аудармасын ұсынамыз): "Слава аллаху, который возвысил арабский язык среди других языков. И после оканчания державы арабов благородные падишахи поддержали науки и адаб. В наше время эмир и командующий войском сын державного хорезмшаха высоко чтит науку адаба, всячески поддерживает избранных представителей адаба и восседает с ними на своих собраниях. И он повелел нам написать в одном экземпляре книгу "Мукаддимат аль-адаб" для своей библиотеки" [19, 140]. А.К. Боровков осы сөз үзіндісін түсіндіре келіп: "Замахшари имел ввиду будущего хорезмшаха Атсыза, по поручению которого была создана книга" [20] деп анықтай түседі.

Өзбек ғалымы Б.З. Халидов: "Замахшари шығармалары нақтылығымен, сапалығымен ерекшеленеді. Грамматика, лексикографияға арнаған еңбектерінде материалдарды барынша қысқа əрі мазмұнды түрде пайымдайды, ал көркем əдеби туындыларында сол дəуірдегі əдебиетке сəйкес боямасы көп, қиындатылған стильде жазады" – дейді. Замахшари елуден астам шығармалар жазған автор. Хаджи Халифа (1608-1657жж.) оның 29 еңбегін атаса, Ибн Халикан – 30, Якут – 50 еңбектің аттарын келтіреді. Б.З. Халидов Ленинград (Санк-Петербург) университетінің Шығыстану факультетінің кітапханасы қорынан Замахшари еңбегінің бір қолжазбасын тапқандығын мəлімдейді. Брокельман Якут келтірген тізімде кездеспейтін Замахшаридің 25 еңбегін атайды. Б.З. Халидов Замахшари еңбектерін былайша топтастырады: 1) араб тілінің грамматикасы бойынша – 10; 2) лексикография бойынша – 8; 3) поэзия саласында – 7; 4) көркем-дидактикалық туындылары – 8; 5) фольклорлық шығармалары (мақал-мəтелдер жинағы) – 2; 6) жағрафиядан – 1; 7) экзегетикадан – 1; 8) шариат заңына – 2; 9) ислам ағымдары туралы – 4; 10) əр түрлі тақырыпта – 12 жұмыс жазған. Сонда барлығы – 55 шығарма.

Əсілінде, əз-Замахшаридің өмірі мен қызметі, ғылыми мұраларына байланысты деректерді сарыла іздеп, табылғандарын рухани кəдемізге жарату үлкен мақсаттарымыздың бірі. Өйткені сол кезеңдерде генетикалық бірлікте дамыған Орта Азия мен Қазақстан топырағында туып, ғұмыр кешкен, артына өлмес мұра, өшпес із қалдырған əз-Замахшари өз дəуірінің аса көрнекті

ғалымдарының бірі болды. Арада қаншама ғасыр өтсе де оның есімі мен ғылыми дүниелері өлмей, өшпей біздің заманымызға дейін жетіп отыр.

Әз-Замахшаридің біз үшін негізгі еңбегі – "Мукаддимат әл-адабты" арнайы қарастырған зерттеушілер құрамы онша көп емес. Солардың ішінде Н.А. Баскаков, В.В. Бартольд, А.К. Боровковтан басқа Э.Н.Нәжіп, өзбек ғалымы Б.З. Халидов, түркімен ғалымы З.Б. Мухамедова зерттеу жүргізген негізгі жұмыстарына сөздікті салыстырмалы түрде қосымша пайдаланып, ескерткіш материалдарының түркімен тіліне қатысын ғана ортадан ойып алып қарастырған, яғни түпнұсқаны құрастырушылар "түркімен тілінен" деп белгі соғылған сөздерді ғана өз жұмыстарына пайдаланған сыңай бар. Негізінен "Мукаддиматты" алғаш жан-жақты зерттеушілердің бірі орыс ғалымы И. Поппе болды. Иіні келгенде айта кетерлік жайт – И.Поппе туралы да кейбір бірен-саран еңбектерде тиіп-қашты пікірлер айтылғанымен тілі білімі ғалымдары оның өмір жолын, сіңірген еңбегін, ғылымға қосқан үлесін күні бүгінге дейін қолға алып тиянақты зерттеген емес. Бұлай назардан тыс қалып, бағаланбаудың басты себебі – қырқыншы жылдардың басында И.Поппенің басына түскен тағдыр-тәлкегінің салдарынан шет елге кетуге мәжбүр болған десиденттік іс-әрекеті деп ойлаймыз. Шығыс шекарасынан шет елге өтіп кетті деген сөз бар. Саптаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қараған сезіктенгіш те сескенгіш, атын атау түгілі еңбегін сөз етуге қорыққан сол уақыттардан бері ол жөнінде тіл мамандары ләм-мим жақ ашпайды. Осы салқындық бергі уақыттарда "Мукаддиматты" кеңінен зерттелуіне де кері әсерін тигізген.

И.Поппенің қолға алып қарастырғаны сөздіктің хатиб Дервиш Мухамед жасаған көшірмесі. И.Поппе 1938 жылы КСРО Ғылым Академиясы баспасында жарық көрген, ауқымды екі бөлімнен тұратын еңбегін "Монгольский словарь "Мукаддимат ал-адаб" деп атаған. Бірінші бөлімде әз-Замахшари қолжазбасында келтірілген монғол сөздеріне фонетикалық, морфологиялық талдау жасаса, екінші бөлімінде монғол және түркі сөздерін бір ізге түсіріп, арабша жазылу тұлғасын, латынша транскрипциясын, орысша аудармасын берген. Түпнұсқадағы сөздіктің әуелгі қалпын сақтамай, сөздерді қайтадан сүзіп қотарып, алфавит бойынша рет-ретіне түсірген. Сөздікте келтірілген ауызекі сөйлеу негізінде жасалған алты мыңдай түркі тілдік материалы жеке-жеке сөзден ғана емес, сонымен қатар жеке фразалық, күрделі сөз тіркестерінен де тұрады. Оның үстіне И.Поппе монғол тілін қамтитын бөліктегі сөздердің дені XIII-XIУ ғасырларда Орта Азияда қоныс тепкен жалайыр, барлас руларының тілдерімен төркіндес, ұқсас екенін баса көрсетіп айтады [21, 7-8].

Ескерткіш тілінің өзіндік ерекшеліктері, олардың диалектілік ара жігі мен айырмасы жөніндегі осы күнгі түркітанушылардың пікірінде бір ізділік жоқ, ала-құла. Н.А. Баскаков сөзіне қарағанда, В.В. Бартольд оның тілін XII-XIII ғасырлардағы орта азиялық түркі әдеби тілінің негізінде жазылғандығын айтса, Н.А. Баскаковтың өзі оны шағатай ұлысының әдеби тілінде жазылған мұра деп таныған. Э.Н. Нәжіп бұл сөздіктің лексикасы XII ғасырардағы түркілердің қалпын көрсетеді деген [22, 49]. Ал Н.А. Самойлович XI-XII ғасырлар аралығындағы бірбүтін орта азиялық түркі тілі дамуын іштей өзара үш кезеңге

бөліп қарайды: біріншіден - Қарахандық, мәдени орталығы – Қашқар (XIғ.); екіншіден – Оғыз-қыпшақтық, орталығы – Сырдың орта, төменгі сағасы мен Хорезм (XII-XIY ғғ.); үшіншіден – Шағатайлық, орталығы – Шағатай ұлысының отырықшы бөлігіндегі бірқатар қалалар (XY-XYIIIғғ.) [23, 21-22]. Осылайша жіктеу тұрғысынан келгенде "Мукаддимат" екінші – оғыз-қыпшақтық-хорезмдік кезеңге кіреді.

Жалпы, орта түркі жазба ескерткіштерін белгілі бір шығарманың жазылу орнына, уақытына, әлеуметтік ортасына, тағы басқа жағдайларға қарап дәуірлеп, топтауда бұрынғы өткен-кеткен, қазіргі түркі тілі мамандары өзіндік ғылыми тоқтам-топшылауын үнемі сарапқа салып отырған. Соның бәріне жеке тоқталып жатуды жұмыс мақсаты көтермейді. Мысалға жоғарыдағы А.Н. Самойловичтің жіктеуін келтірсек, бұдан соныкі ғана бірден-бір дұрыс екен деген біржақты қорытынды пікір тумауы тиіс. Бұл жерде мәселе "Мукаддиматқа" қатысты кей жайлардың басын ашып айқындап алуда жатыр.

"Мукаддимат" дүниеге келген уақыт Орта Азияда түркі әдеби тіліне негіз болған қарлұқ, оғыз, қыпшақ тайпаларының аумақтық және тілдік жіктері әлі де болса толық анықталмаған, өзіндік сипат-белгілері ерекшеленбеген, яғни көне түркі дәуіріндегі "д" тілден кейін, бірте-бірте ру-тайпалар тілі "з" және "й" тілдеріне енді-енді ажырай бастаған кез, сөйтіп, әдеби тілде "з", "й" диалектілері ("азақ", "айақ") қатар жүріп қолданылған өтпелі кезең еді. Диалектілік ерекшелігі жағынан "Мукаддимат" осы өтпелі кезеңнің жемісі. Сондықтан XII-XIУ ғасырлардағы жәдігерліктер жайындағы "бәріне бірдей ортақ әдеби тілдің дәстүрлі ережесіне лайықтап жазылған мұралар, белгілі бір норманы мұқият сақтап отырған жазба ескерткіштер" [24, 46-47] дейтін келелі пікірді әз-Замахшари сөздігіне де келтіруді орынды санаймыз.

Осы жерде мынадай принципті мәселелені де назардан тыс қалдырып, тілге тиек етпей кетуге болмайды. Негізінде тіл тарихын зерттеуші ғалымдар қазақ тілін ескі қыпшақ тілдері тобынан енші алып, бөлініп шыққан тіл ретінде танып, соның жұрағаты санайды.

Ал қыпшақ тілін Орта Азия атырабын мекендеген түркі тайпалары бірнеше ғасыр бойы мемлекеттік тіл есебінде қолданып, оны әрісі Египет пен Сирия, Шығыс Еуропа, берісі Батыс Украина мен Қырым, Кавказ өңірлері кеңінен пайдаланған. "Қыпшақ тілі мамлюктер мемлекетінде түркі тайпаларының әрі ауызекі сөйлеу тілі, әрі жазба тілі (іс қағаздары, ғылыми еңбектер, әдеби шығармалар жазылатын тіл) болып тұрды. Ол дәуірде бұл тілде қолтума көркем әдебиет шығармалары мен аударма әдебиеттер де туындай бастады. Олардың ішінде қара сөзбен де, өлеңмен де жазылғандары болды. Әдеби тіл, әсіресе, поэзияда биік сапаға жетті" [25, 53].

Италияның Венеция қаласында Әулие Марк ғибадатханасында табылған "Кодекс Куманикус" ("Куманша (қыпшақша) сөздік") жазба мұрасын зерттей келе Ә.Құрышжанов: "Орта ғасыр қыпшақтары бір тілде сөйлеген, қай өңірді жайлап, қай атырапта жүрсе де олардың ана тілі біреу болған. Барған елге, басқан жерге сол тілін ала барған, қолдана жүріп, қолдап отырған" [26, 7] - деген қорытынды шығарады. Ғалым ескі қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілін үнемі

тонның ішкі бауындай қатар қойып, бірге қарастырады. Расында, қазақ тілі өзінің ата тілі – YI-YIII ғасырлардағы көне түркі тілімен ескі қыпшақ тілі арқылы жанама түрде қабыса алады. “Мукаддиматты” XIII-XIY ғасырлардағы қыпшақ тілді жазба ескерткіштерін руна (ойма) жазулы Орхон-Енесей мұраларын көпір іспетті байланыстырып жатқан аралық туынды ретінде таныған абзал.

Белгілі ғалым М.Томанов: “Қазіргі филология ғылымы жоққа шығармайтын методологиялық негіз – тарихи салыстырмалы әдіс. Бұл әдіс уақыт жағынан әртүрлі құбылыстарды тікелей емес, сатылай салыстыруды қалайды. Егер сол тәсіл тұрғысынан қарар болсақ, қазақ тілі қыпшақ тілі ескерткіштері арқылы көне заман мұраларына жалғаса алады” [27] деп жазған еді. Олай болса “Мукаддимат” бойынан көрінетін қыпшақ тілінің диалектілік элементтері қазіргі қазақ тілінің өзгерістерге ұшырай отырып дамыған қадым заман, ғасырлар иініндегі қалпын әйгілейді.

Жалпы айтқанда, көне жазба мұраларынан әр дәуірдің бұрынғысымен салыстырғандағы дыбыстық, лексикалық, сөз жасамдық, синтаксистік өзгерістер жиынтығы арқылы жаңалығын, оларды қазіргі тілмен салыстырғандағы ескілігін анықтау әлі де болса жете зерттеулерді қажет ететін күрделі мәселелер. Әсіресе, ортағасыр ескерткіштерінің қазақ тілі тарихына қатысы да тың өзгерістерді талап етеді. Өз дәуіріндегі басқа ескерткіштер сынды “Мукаддимат” та алдағы уақытта талай сүрлеулі зерттеулер нысанына айналып, соны ойларға өзек болатынына сенім мол.

“Мукаддиматтағы” сөздер мен сөз тіркестерін қазақ алфавитіне сәйкестіргенде, кезінде, өткен ғасырдың 30-жылдары сөздікпен тікелей жұмыс істеген И.Поппенің белгілеуіне жүгіндік. Сөздіктегі сөздер мен сөз тіркестерді рет-ретімен түсіргенде И.Поппелік алфавиттік жүйені сақтадық:

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| а - а | е - е | h - h | L - л | о – о | s - с | й - ү |
| в - б | f - ф | i - i, и | m – м | о - ө | s – ш | z - з |
| с - ч | д - г | j - дж | п – н | р - п | t – т | у - й |
| d - д | - ғ | k – к | пg – ң | ч – р | и – у | ‘ – ғ |

Ескерту: қажеттісі барынша анық болуы мақсатында материалдарды И. Поппеде берілгендей латын графикасымен емес, баршаға түсінікті кириллица әрпімен белгілеуді жөн көрдік. Одан кейін оның қазіргі тілдегі баламасы беріледі, одан соң сөздіктің беті көрсетіледі. Мысалы: *ачық кече – ашық түн – 169а*, осылай кете береді.

**“Мукаддимат әл-адаб” сөздігінің фонетикалық жүйесі.** Түркі тілі табиғатын етене зерттеген тіл мамандары оның ескі қалпы – «д», одан кейінгі – «й», жаңасы – «ж» екендігі айтады [28, 11]. Осы тұрғыдан алғанда «Мукаддиматтағы» түркі сөздеінің дені «д» дыбысты емес, «й» дыбысты болып келеді. Әйтсе де қатар қолданылатын тұстар да жоқ емес. Сөздіктегі «қағад», «қағаз» сөздері осының айғағы.

Белгілі бір еңбекті фонетикалық тұрғыда қарастырудың басты мақсаты – тілдің фонологиялық жүйесін айқындауға келіп саяды. Бір тілді жеке дара алып қарау ақиқатқа жетер жол емес, ол үшін туыс тілдерге тән ортақ белгілерді туыстас тілдермен салыстыру арқылы айқындап алуымыз қажет. Туыс тілдердің ішінде өзара жақын тілдерге тән ортақ белгілер өте көне дәуірлерде пайда болған көрініс екеніне дау тумауға тиіс. Осыдан келіп екі мақсат айқындала түседі: бірі – фонологиялық зерттеу арқылы жеке дыбыстардың (фонеманың) даму эволюциясын, әуелгі қалпынан өзгеріске ұшырауын айқындау да, екіншісі – ол арқылы фонологиялық жүйеде болған жекелік не ортақ өзгерістерді белгілеуге ұласады.

Фонетикалық зерттеуіміздің нысаны – сөздіктің дыбыстар жүйесі. Ол үшін біз алдымен оппозициялық әдісті қолданамыз. Бұл әдіс бір-бірімен мағыналық айырмашылығы бірен-саран дыбыс өзгешелігіне негізделген сөздерді анықтау үшін қажет [29, 8]. Ондай сөздер: ағыз – ауыз – (100а); ағынады – аунады – (224а); ағыр – ауыр – (227а); ағыршық – ұршық – (402а); ауртамақ – ұрттамақ – (108а); болжал – болжау – (120б); бошады – босады – (327а); бөгрі – бүкір – (123б); бөзчі – бөзші – (124а); тағық – тауық – (123б); таңлағаны – таңдағаны – (160а); тағ – тау – (124а), т.б.;

Сөз құрамындағы бір дыбыс басқа дыбыспен ауыстырылып, сөз мағынасына әсер ететін коммутациялық әдіске салып көрсек, анлаут (сөз ортасында) : азар – азар да безер – (14 б.), т.б.

Фонетикалық дублет сөздер. аяқ – ыдыс аяқ – 108 б., қарқа – қарға – 97 а., қарыз – борчіш – борыш – 278 б., бош – бос – 327 а., бөк – бөктер – 4 а., ев – ідін – үй, т.б.

«Ғ» дыбысына аяқталатын сөздердегі аулаут позициясындағы (сөз аяғындағы) қазақ тілінде элизия құбылысына (түсіп қалу) ұшырайтыны да: ачығ (ашу), тарығ (тары), сарығ (сары), ұлығ (ұлы), азық тіш (азу тіс) ай йүзлік (ай жүзді) не болмаса анлауттағы (сөз ортасындағы) «ғ» дыбысының «у» дыбысына айналатыны да: «сағыт (сауыт), бағыр (бауыр), сағлық (саулық), түгін, төгін (түйін), ачығлаған > ачығланған – ашуланған, сақмақ – саумақ – (38 а.), қазіргі «м» дыбысынан басталатын сөздер ескінің белгісіндей «б» дыбысымен айтылатыны да: бойын (мойын), быкын (мықын), бурут (мұрт), көм көк – көп-көк – (219 а.) сөздіктен айқын байқалады. Сондай-ақ көне тілге тән, кейінгі кезде тілдік қолданыстан мүлдем шығып қалған архаизмдер де жеткілікті: көкүс (кеуде), егин (иық), елік (қол), үй (сиыр). Осындай архаистік тұлғалардың сол уақыттарда жарыса қолданылған басқа варианттары да қатар ұшырасып отыратыны көрінеді: елік (қол), бітік (хат) т.б.

Салыстырмалы фонетика ғылымы дыбыстық жүйені зерттеуде туыс тілдер дыбыстары ұқсастығы мен өзгешелігін анықтау мақсатын көздейді. Салыстыру әдісін қолдану тілдің қай тілден тамыр тартып жатқанын генетикалық туыстығын мойындаудан келіп туындайды. Белгілі бір тілдер тобының бір ғана негізден немесе бір біріне жақын негізден тарағандығын мойындаудан барып оларды өз ара салыстыра зерттеудің объективтілігі келіп шығады.

Фонетика сияқты лингвистикалық ғылымның ірі саласының негізгі нысаны тілдің дыбыстық жүйесі. "Мукаддимат" сынды сөздіктің дыбыстық жүйесін қарастырудың мақсаты – орта ғасырлардағы түркі тілі мен қазіргі қазақ тілінің арасындағы ортақтық пен айырмашылықты, ол арқылы жәдігерліктің біздің де рухани мұрамыздың қайнар көздерінің бірі екенін аңдап білу. "Түркі тілдерін топтастырған ғалымдардың бірқатары (Ф.Е.Корш, В.В.Радлов, Г.И.Рамстедт, В.А.Богородицкий, М.Рясянен т.б.) тілдің өзге белгілерінен гөрі оның дыбыстық белгісін ең негізгі классификациялық белгі етіп ұстанады" – дейді белгілі ғалымдар С.Омарбеков пен Н.Жүнісов. Яғни дыбыстар жүйесі арқылы туған тілдің төркінін анықтау тіл білімінің басты мұраттардың бірі болып табылады [30, 13]. Осы тұрғыдан алғанда, орта түркі жазба ескерткішінің фонетикалық жүйесі қазіргі қазақ әдеби тілінің негізгі нормаларына, негізінен, сай келеді. Ондай сәйкестік алдымен неден байқалады? Біріншіден, фонетикалық тұрғыдан алғанда, қазіргі қазақ тіліндегі дыбыстардың көпшілігі өзіндік ерекшелігімен орта түркі жазба ескерткіштерінен мирас болып енген. Нақтылай айтқанда, дауысты дыбыстардың жуан-жіңішкелігіне қарай жүйелі топталуынан, соның негізінде үндестік заңының тұрақты сақталуынан көрінеді.

Қазіргі қазақ тіліндегі қ-ғ, к-г паралель дыбыстардың алғашқы жұбы тек жуан, кейінгісі тек жіңішке болып қолданылуы «Мукаддиматтың» қағазға түсу кезеңінен бастап тұрақталған десе болғандай. Мұндай сәйкестіктер орхон-енесей тастарында бедерленіп қалған көне түркі тілінде де бар. Бұл жайында С.Исаев: «Дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішке болып бөлінуі барлық дыбыстарға тән емес екендігін, демек, орхон-енисей дәуірінде бұл тілдік құбылыстың жойылына қарай бет алған даму процесіндегі бір кезең екенін көрсетеді» - дейді [31, 74].

Әйтсе де сөздіктің тілінде қазақ әдеби тіліндегідей түбір мен қосымша арасында дауыссыз дыбыстардың үндесіп келуі секілді фонетикалық заңдылық жүйелі түрде кездеспейді. Ал көне түркі тілінде бұл заңдылық болмаған деген пікір де орын алулары кездеседі. [31, 74]. Мәселен, сөздіктегі *көкдің, көкнің, түңлік* дейтін сөздер қазіргі қазақ тілінде *көктің, түндік* түрінде қолданылады. Қатаңға біткен түбірден кейін қосымша ұяң дыбыстан басталуы көне түркі тіліндегідей дыбыс үндестігінің жүйелі түрде сақталмауын көрсетеді. Яғни сөздіктің орта ғасыр жазбаларымен салыстырғанда ескілеу деген уәжді айғақтай түседі.

**"Мукаддимат әл-адаб" тілінің лексикалық сипаты. Сөздік құрамы.**

Адам – айнала қоршаған ортаның, табиғаттың бір ғана бөлшегі, оның эволюциялық дамуының жемісі; табиғат – адамның тірлік құратын, онымен көп қырлы байланысқа түсетін ортасы; ал адамдардың өзара бірігіп, қауымдастыққа ұмтылуынан – қоғам туындайды. Осы үш негіз (адам, табиғат, қоғам) бір-бірімен ажырамас бірлікте, өзара тығыз қарым-қатынаста болып, санамызда бүкіл дүнияуи әлем дейтін түсінікті туғызады. Ендеше қай халықтың да тіл байлығы, сөздік қоры осы аталған үш негізден құралады. Әрбір көнеден жеткен ескі сөздік, жазба ескерткіштердің де негізгі сүйегі де осы. Сондықтан да "Мукаддиматтың" жалпы лексикасымен, сөздік құрамымен танысқанда, ең алдымен ондағы табиғат, адам, қоғамға қатысты айтылатын сөздерді, барынша шартты түрде, осындай үш

мағыналық топқа бөліп алып қарастырдық. Мұндағы көздеген мақсатымыз, біріншіден, ”Мукаддиматта” жалпы түркі лексикасынан не бар, не жоғын анықтау болса, екіншіден, мұндай шағын мағыналық сөздер тобы қазіргі қазақ тілі мен “Мукаддиматтың” өзара тарихи тамырластығын түсінуге үлкен жеңілдіктер туғызады.

Сөздікте табиғатқа қатысты атауларды іштей өзара саралап, табиғат құбылыстары, астрономиялық, қоршаған орта, пайдалы қазбалар, жеміс-жидек, дән-дақыл атаулары деген тақырыпшаларға топтастырып, жік-жікке бөлдік.

**Табиғат құбылыстары:** азаб йамғұры – азап жаңбыры – 162а, булут – бұлт – 155а, ысық – 288б, күнешлік – күншуақ – 246а, мондүз – бұршақ – 354б, муз – мұз – 239а, өл – ылғал – 259а, қар – 131а, қуйын – құйын – 313б, савуқ – суық – 226б, ташғын – тасқын – 342а, толы – бұршақ – 354б, тоз – тозаң – 122а, туман – тұман – 124а, тутулды ай – ай тұтылды – 112а, йан – жан – маң – 211б, йаруқлуқ – жарық – 169а, йашын – жасын – 131а, йел – жел – 109б, йылдурум – найзағай – 98а, зелзеле – зілзала – 173б.

**Қоршаған орта:** арал – 104а, арығ – арық – 148а, арығ йер – асыл жер – 105б, атыз – 107б, булақ – бұлақ – 292б, чөл – шөл – 136а, екін – егін – 119а, һауыз – 184б, дженүб – оңтүстік – 304б, кеңлік – кеңістік – 372б, көк – аспан – 128а, көл – 222а, күн батар йер – күнбатыс – 245б, күн тоғар йер – күншығыс – 245б, от – шөп – 101б, қақ су – 291а, қум – құм – 107а, тағ – тау – 177а, тағ қолы – тау шатқалы – 272б, таш – тас – 133а, теңіз – 147б, турур йер – тұрақ-мекен – 109б, йабан – жапан – 192а, йазы – жазық – 218а, йер су – жер-су – 173б, йер жүзі – жер жүзі – 126б, т.б.

**Пайдалы қазбалар:** алтун – алтын – 89а, бақыр – бақыр – 111б, гевһер – гауһар – 172а, ғүла – қола – 107а, інжү – інжу – 189б, 327а, інчүлуқ тадж – інжу тәж – 327а, інчу қапы – інжу қабырщағы – 327а, көмур – көмір – 262а, күміс – күміс – 99а, темүр – темір – 113б, темүр боқы – темір күлі (шлак) – 346б, муч – мыс – 354а, қорқашун – қорғасын – 303а,т.б.

**Астрономиялық атаулар:** ай – ай – 112б, ай қотаны – ай шеңбері – 319а, көк – аспан – 220а, көкдін чағылған от – көктен түскен от ~ найзағай – 221а, көкнің екі қырағы – көкжиек – 221а, көк ортасы – құс жолы – 221а, күн – күн – 245б, күн ай – күн-ай – 245б, күннің қотаны – күн щеңбері – 319а, күннің теверекі – күн төңірегі – 246а, Рүстем йасы – кемпірқосақ – 314а, толан ай – толған ай – 319а, таң йулдуз – таң жұлдызы – 165а, йанқы ай – жаңа ай – 335а, йаруқ йулдуз – жарық жұлдыз – 169а, Йетіген – жетіген – 142а, үлгер – үркер – 379,т.б.

**Шоқжұлдыздар**: Қозы йулдуз – Тоқты – 310б, Уд йулдуз – Торпақ – 378а, Екі ақа іні йулдуз ~ Қош йулдуз – Егіздер – 406б, Йенгеш йулдуз – Шаян – 338а, Арслан йулдуз – Арыстан – 106а, Буғдай башы йулдуз – Бикеш – 124б, Таразу йулдуз – Таразы – 206б, Чайан йулдуз – Бүйі – 131б, Йай йулдуз – Мерген – 261б,

Оғлақ йулдуз – Ешкімүйіз – 282а, Қупқа йулдуз – Сушы – 307а, Йайын йулдуз – Балық – 205б, Ақ боз ат – Кіші қарақшы – 130а, т.б.

**Мезгіл атаулары:** адина күні – жұма – 95а, ачуқ кече – ашық түн – 169а, ачуқ күн – ашық күн – 169а, ай – ай – 112б, ай башы – ай басы – 183а, айның айақы – айдың аяғы – 319б, ақшам – ақшам – 373а, бу күннің ертесі – бүгін ертеңгісін – 158а, кече дағы күндүз – түн мен күн – 256а, келур йыл – келер жыл – 197б, күз – күз – 245а, вақт – уақыт – 130б, наурыз – наурыз – 274а, қараңқу – қараңғы – 292б, қыш – қыс – 272б, қурбан айы – 186а, ребіғул еввел айы – үшінші ай – 305б, рузе айы – рамазан айы – 333а, таң йаруды – таң атты – 273а, таңла – таңда – 239а, түш – түс – 273а, үйлек ысығы – түс ыстығы – 273б, йай – жаз – 285б, йил – жыл – 120б, т.б.

**Жәндіктер**: ас – ақ тышқан (горностай) – 370б, бал арысы – бал арасы – 111а, балық – 189а, баққа – бақа – 235б, баш қаңқақы – бас қайызғағы – 184а, бит – бит – 97а, чайан – шаян – 131б, чібін – шыбын – 259б, чөвурткен – шегіртке – 403б, ылан балық – жыланбалық – 238а, кірпі – 201б, көбелек – 184а, өрмүкчі - өрмекші – 405б, қамурсқа – құмырсқа – 136б, қоңқуз – қоңыз – 153б, салбар – жыртқыш құс атауы – 161б, сычқан – тышқан – 147а, соқар сычқан – көртышқан – 324б, сіңек – шыбын – 303б, т.б.

**Өсімдік, дән-дақылдар атаулары**: алма – 402а, ақ чечек – ақ шешек – 133а, арчы – арша – 104б, арпа – арпа – 104б, бачақ – масақ – 402б, бөк – бөктер – 403а, буғдай – бидай – 124б, бурчақ – бұршақ – 125б, бурийай – қамыс түрі – 126б, бүрлүгеч – шеңгіш – 128а, чеке – қытай алмасы – 403б, чігде – жиде – 403б, чоп – шөп – 250б, дағы йығачның бутағлары – тағы (жабайы) ағаштың бұтақтары – 113а, дан – дән – 381а, гүл – 110а, ид – иіс – 191б, ыпар – жұпар – 404б, джүгері – жүгері – 404б, қаджира чечекі – қажыра шешегі – 212а, какуті – жұпар иісті шөптің атауы – 404б, көкнар – көкнәр – 227а, кендір – 216а, мамуқ – мамық ~ мақта – 218б, от – шөп – 150б, қабақ – асқабақ –284а, қамыш – қамыс – 119а, қунақ – тары – 302а, саңқыз – сағыз – 137а, соған – жуа – 324а, сурме йығачы – сүрме ағашы – 330а, шілім – шылым – 137а, су оты – су шөбі – 368б, тал – 187а, тарығ – тары – 102а, тікен – 278а, тіз – бұта – 134а, тут – тұт ағашы – 189б, уруқ – ұрық – 129а, үзүм – жүзім – 120б, қурма – құрма – 95а, йапрақ – жапырақ – 125б, йекен – қамыс – 204б, йеміш – жеміс – 229а, йінге – шөңге – 297а, йулғун – жыңғыл – 328а, т.б.

**Құс атаулары:** аулар қуш – аңшы құс – 93б, бай қуш – байғыз – 218а, бөтеке – 123б, чыпчуқ – шымшық – 187а, еркек кеклік – еркек кекілік – 161б, ғуш ев – құс ұясы – 237б, ителгү – ителгі – 221а, көверчкен – көгершін – 111а, иеглек – ләйлек – 232а, өрдек – үйрек – 268б, қанат – 341а, қарлуғаш – қарлығаш – 121б, қарчыға – қаршыға – 272а, қарқа – қарға – 97а, қузғун – құзғын – 287б, сағызған – 319б, сарғылдақ – қасқалдақ (желтоголовка) – 407а, сарық қуш – сары құс – 161б, шор тумшуқ – зор тұмсық – 341а, су қушы – су құсы – 370б, сусар – 93б, тарна –

тырна – 354а, теве қуш – түйеқұс – 161б, тоғдоғ – дуадақ – 161б, торғай – 187а, тумшуқ – тұмсық – 355б, бақ бақ қылды көверчкен – көгершін бақ етті – 111а, т.б.

**Үй жануарларына қатысты атаулар:** айғыр – 97а, ат – 94а, бақлан қозы – бағлан қозы – 111б, бота – 122а, бузау – бұзау – 124б, емлік ат – мініс ат – 154б, ешек – есек – 152б, қулун – құлын – 162б, дөнен – 143б, ғұнан – құнан – 179б, джөзе – шөже – 210б, келе – 95б, кішнеді ат – кісінеді ат – 354а, мал – 127б, мүсүк – мысық – 237а, інген – 182а, інек – сиыр – 136б, ит – 136б, оғлақ – лақ – 150б, өкуз - өгіз – 143б, он айлық буғаз інген – он айлық буаз інген – 182а, қачыр – қашыр – 130а, қасқа ат – 289а, қысрақ – 115а, қоч – қошқар – 406б, сағар інген – сауар інген – 319б, сақлық қой – саулық қой – 319б, тай – 139б, тағуқ – тауық – 123б, тазы ит – 343а, теке – 148б, теве қумалақы – түйе құмалағы – 346а, тіші қулун – ұрғашы құлын – 162а, торбақ – торпақ – 126а, торуқ – торы – 213а, туйлағучы ат – тулаушы ат – 354а, йапағу – жабағы – 139б, хорос – қораз – 287б, хорос йүпігі – қораз үрпігі – 121б, т.б.

**Хайуанат атаулары:** арслан – арыстан – 106а, айық – аю – 279а, бөрі – 127а, еркек түлкү – еркек түлкі – 162а, джайран – жайран – 205а, кейік – киік – 171а, кіш – бұлғын – 125б, қаплан – қабылан – 285а, қулақ – сілеусін – 292б, қулан хөдүкі – құлан қодығы – 309а, қундуз – құндыз – 289б, пөрі – бөрі – 134а, маймун – маймыл – 115а, тақ өчкүсі – таутеке – 372а, таусқан – қоян – 153б, йаған – піл – 199а, т.б.

**Жануарлар мен хайуанаттарға қатысты сөздер**: боғузлады – бауыздады – 120а, бұйда ағашы – 346а, бурундуқ – мұрындық – 103б, джиджай – ауыздық – 211а, іч йағы – іш майы – 320а, көклі – кекілі – 239а, кемха – қамқа – 210б, кеп – 122б, кевіс – күйес – 212а, оқранды – оқыранды – 267б, мөңреді – мөңіреді – 234б, мүңүз – мүйіз – 131б, қыл – 298а, қуйруқ – құйрық – 200а, қумалақ – құмалақ – 362а, таңрады – маңырады – 234б, тебенгү – тебінгі – 172а, тезек – 182а, туақ – тұяқ – 223б, йабаш – жуас, т.б.

**Адамға қатысты атаулар**ды да осындай бірнеше іштей мағыналық топтарға бөліп, адамның дене мүшелеріне, тұрмысына, кәсібіне, мекен-жайына қатысты сөздерді түздік.

**Соматикалық атаулар:** (адамның дене мүшелеріне қатысты атаулар): ағыз – ауыз – 99б, ам – 192б, арқа – 106а, ауч ічі ~ уыс іші – алақан – 97а, азық тіш – азу тіс – 105б, бағыр – бауыр – 152б, балдыр – балтыр – 333б, баш бармақ – бас бармақ – 233а, дуға бармақ – дұға бармақ – 147б, орта бармақ – 144б, сук бармақ – сұқ саусақ – 223а, баш мійі – бас миі – 183б, баш тамуры – бас тамыры – 189а, баш терісі – бас терісі – 183б, без – 119а, білек – 178б, быкын – мықын – 328б, беғуз бағы – дауыс шымылдығы – 306б, боғуз башы – қолқа – 306б, бой – 118а, бойун – мойын – 119а, бойн чуқурчағы – мойын шұңқыры – 227а, борбай – 197а, бурун – мұрын – 284а, бурут – мұрт – 403а, бут тамыры – бұт тамыры – 180а, бөксе – 123б,

чочақ – шошақ ~ пенис – 263б, чырай – шырай ~ бет – 135а, егін – иық – 240а, елік – қол – 175б, оң елік – оң қол – 111б, сол елік – сол қол – 209б, елік буғуны – қол буыны – 178б, емчек – емшек – 220б, еңгек – иек – 201б, ерін – 188а, ерлік суйы – шәуһат – 162а, келбері – келбеті – 118а, кекіртек – кеңірдек – 404б, кіндік – 226а, кіркүк – кірпік – 325а, көкус – кеуде – 132а, көт – 111а, көт ічі – көт іші – 111а, көт тешүкінің тегресі – көт тесігінің айналасы – 111а, көз – 250б, көз йасы – көз жасы – 253а, ала көз болды – 97а, маңлай – маңдай – 233а, мең – 236а, мійі – мыйы – 236а, өпке - өкпе – 108а, қалчығай – таз – 289б, қан – 107б, қарын – 218а, іәнче қарын – жіңішке қарын – 158а, қаш – қас – 181а, қулақ – құлақ – 134б, қызлық – қыздық – 274б, қолтуқ – қолтық – 328а, қурсақ – құрсақ – 276а, ічегү – ішегі – 171б, сақал – 131а, сачақ – шынашақ – 314а, сачы – шашы – 98а, сійдүк – сідік – 331б, сікі – пенис – 191а, сепкіл – 319б, сүт емер тіш – сүт тіс – 328б, сүйүк – сүйек – 132б, сонқунчақ – табан – 186а, табан – 86а, тамақ – 341а, тамур – тамыр – 118а, тері – 104б, тіл – 96б, тырмақ – тырнақ – 298б, тірсек – 351а, ілей тіш – алдыңғы тіс – 366б, тіз – тізе – 272а, түкүрүк – түкірік – 253б, узун бойлуқ – ұзын бойлы – 144б, йад – жады – 145б, йағрын – жаурын – 138а, йалаң айақ – жалаң аяқ – 221а, йанбасы – жанбасы – 330б, йанқақ – жақ – 201б, йоқарығы еріні – жоғарғы ерні – 141б, йүклүк – жүкті – 95а, йумруқ – жұдырық – 261а, йүлүн – жұлын – 241а, йүрек – жүрек – 211б, йүрек қапы – жүрек қабы – 312б, йүз – жүз – 133а, хатун темдүкү - әйелдің жыныс мүшесі – 154б, т.б.

**Ауру, кеселдік, мүгедектікті білдіретін атаулар**: ағыр айақ – ауру аяқ – 221б, ағрық – ауру – 149б, ағу – у – 302б, ақсақ – 143а, белі келген – етек кірі келген – 138б, безгек – 402б, бөгрі – бүкір – 123б, чечек – шешек – 317б, чолақ – шолақ – 136а, ерліксіз – белсіз – 162а, ес өксүк – есі нашар – 165б, іллет – індет – 148а, ірің – 132а, іклік – ауру – 149б, көр – соқыр – 324б, келегей – кекеш – 214а, қотур – қотыр – 114б, сақ болды – сауықты – 152б, таз – таз – 341а, тоға көрмес – туа көрмес – 353а, тумақ – тұмау – 354б, йара – жара – 129б, йөтелді – жөтелді – 391б, т.б.

**Туыстық қатынастарды білдіретін сөздер**: абаға – аға – 402а, абышқа – қарт, күйеу – 162а, ана – 151б, ата – 151б, аташ – аттас – 100а, чал – шал – 127а, егечі иа сіңлі – апалы-сіңлі – 151б, келін – 118а, күйеу – 229а, оғұл оғландары – ұл балалары – 231б, қайаш – туыс – 367б, тул хатун – жесір қатын – 161а, йенге – жеңге – 118а.

**Тағам атаулары**: ачық – ащы – 178б, ачық-соған – ащы жуа – 179а, ағыз – уыз – 362а, айран – 364а, бал – 110а, бічма тутмас – кеспе – 151б, чағыр – шарап – 105б, челбек – шелпек, чүчүк – дәмді – 101а, ерте ас – ертеңгілік ас – 165а, ет – 119б, ит қавун – ит қауын – 259б, кішміш – 302а, көче – көже – 307б, назбуй – насыбай – 192а, нардан – ашқылтым – 405б, қақ ет – қақталған ет – 295а, курут – құрт – 130а, һалва – халва – 151б, руми саққыз – Үрім сағызы – 200а, сарымсақ – 179а, сірке – сірке су – 167б, сорба – сорпа – 108а, сулуқ йуғрат – сулы сүзбе – 159а, сүт – 159а, шікер – шекер – 333а, шішлеме – 335б, талқан – 194б, тіріт – суға

туралған нан – 159б, тутурған – күріш – 356б, туз – тұз – 137а, ун – ұн – 152б, хамыр – қамыр – 224а, йағ – май – 351б, йарма – жарма – 387б, йумуртқаның ақы – жұмыртқаның ағы – 276а, йумуртқаның сарығы – жұмыртқаның уызы – 276а, т.б.

**Еңбек құралдары мен шаруашылық бұйымдар**: ағыршақ – ұршық – 402а, алтун таразусы – алтын өлшейтін таразы – 99а, амач – соқа – 103б, араба – арба – 349б, арқан – 402а, ахур қазуғы – ақыр қазығы – 108б, бакі – бәкі – 148а, балту – балта – 189а, білү – білеме, қайрақ – 403а, біз – 322б, бойн бағы – қарғы бау – 226б, бойнтуруғ – мойылдырық – 227б, буқау – бұғау – 403а, чақмақ тас – шақпақ тас – 157б, чар – шар – 131а, чыпчурға – шыпыртқы – 403б, чырақ – шырақ – 169б, чомуч – шөміш – 333б, чумақ – шоқпар – 125а, егек – егеу – 313б, ейер – ер – 154б, ігне – ине – 205а, ігне үті – ине көзі – 205а, іп – жіп – 142а, кефче – кепкір – 404а, келебе – келі – 404б, керкін – кетпен – 186б, кілд – кілт – 219а, кірпіч – кірпіш – 157б, кішен – кісен – 148б, көсегү – көсеу – 312б, күрек – 215а, кезлік – кездік – 383а, місвак – місуек – 129б, нохта – ноқта – 259б, латпа – шүберек – 313б, оймақ – 312б, орақ – 270б, пычақ – пышақ – 299а, пычақ қыны – пышақ қыны – 299а, пычақ сапы – пышақ сабы – 299а, пітле – пілте – 336б, қалам – 383а, қалам басы – 383а, қамчы – қамшы – 236а, қап – 372б, қайыш – қайыс – 342а, қолач – құлаш (өлшеуіш) – 98а, қолаң – тартпа – 265а, қом – 220а, қуйушқун – құйысқан – 308б, сүзгүч – сүзгіш – 336а, сүпүргү – сыпырғы – 336б, таба – таба – 132а, танаб – жіп, арқан – 130а, тақа – тағa – 134а, тахта – 115б, тайақ – таяқ – 264а, тегене – 332а, тегірмен – диірмен – 184а, тегірмен чархы – диірмен шарығы – 345а, тінгіл – діңгек – 349б, төгүн – түйін – 98а, тұсақ – тұсау – 355б, үзенгү – үзенгі – 99а, йелім – желім – 206а, йүген – жүген – 286а, зенбіл – зеңбіл – 336а. т.б.

Ыдыс-аяқ атаулары: ағызы туваклық ібріқ – қақпақты құмыра – 99б, едіш – ыдыс – 148а, ғузе – көзе – кесе – 99б, кічік құмыра – кіші құмыра – 189а, көбін – себет – 113а, құб, құпқа – құмыра – 189а, қазан – 109а, сандуқ – сандық – 189а, сірче – шыны – 322а, т.б.

**Әскери атаулар:** черік – шерік – 132а, чомақ – шоқпар – 403б, джебеліктер – жебешілер – 204а, кеш – қорамсақ – 299б, кіріш – кіріс – 219б, оқ – 97а, қалқан – 282б, караул – қарауыл – 293а, қылыч сапы – қылыш сабы – 185а, сағыт – сауыт – 204б, санғыч – соғыс – 297а, сүнгү – сүңгі – 109а, туқ – ту – 219б, ханджар – қанжар – 384а, йағ – жау – 138а, йай тутқасы – жай тұтқасы – 261б, зафер – жеңіс – 136а, т.б.

**Сауда-саттық атаулары:** алыш берді – қарыз берді – 98а, алтун – алтын – 251а, асық – пайда – 107а, баға – 402б, базар – 96а, бір сыр – он бес алтынға тұратын өлшем – 252а, даң – теңге – 201б, дирем – 236а, феда – төлем (құн) – 169б, нерх – нарық – 223а, салық – 203а, тер – жалақы – 222а, төлек – төлем – 352а, үлүш – қазына – 384а, қызыл пешке – ақша түрі – 187а, салық – 203а, сатықда – сауда-саттықта – 98а, үлүш – үлес – 217б, йармақ – ақша – 242а, т.б.

**Киім-кешек, дүние-мүлік**: аса – 119а, айақ білезүк – аяқ білезік – 222а, бас йастуқ – бас жастық – 182б, башмақ – 402б, бел бағ – белбеу – 128б, бенд – дәке (бинт) – 189а, бешік – бесік – 275б, чалма – шалма – 138б, елік йағлығ – қолжаулық – 178а, ескі тон – 152б, етек – 303а, фереджі – пәренже – 168б, ілгүк – ілгек – 153б, ысырға – сырға – 328б, ыштан – штан – 276б, кебін – 212б, кебіз – кебіс – 404б, кілім – кілем – 129а, кииз – киіз – 323б, көңлек – көйлек – 130б, көзгү – айна – 403б, мүлк – мүлік – 244б, мунчақ – мончақ – 163а, өтүк – етік – 180а, палас – 346б, перде – 185б, пөрүк – бөрік – 233б, қол бағ – 178б, сағат – 252б, сауғат – сәлем саухат – 319а, сабун – сабын – 314а, тарақ – 317б, ташқы тон – тысқы (сыртқы) тон – 105а, топчы – түйме – 350а, төшек – төсек – 156а, тумақ – тымақ – 127а, үзүк – жүзік – 181а, жақа –жаға – 210б, йең – жең – 291а, йеп – қалың мал – 408а, т.б.

**Кәсіп-маман, дәреже-дәулет, қызмет, мінез-қылық атаулары**: ачығланды – ашуланды – 108а, ачығ йүзлүк – ашық жүзді – 251а, аһмақ – ақымақ – 96б, алтынчы – алтын соғушы – 99а, алп – алып – 97а, аучы – аңшы – 93а, бағчы – бағбан – 402б, бай – 114а, балықчы – балықшы – 205а, башмақчы – башмақшы – 402а, бек – 127а, бехіл – сараң – 113б, біліклік – біліктік – 119а, бітікчі – құснихатшы – 118а, бөрчі – тоқымашы – 124а, бөрүк тіккучі – бөрік тігуші – 233б, чағырчы – шарап жасаушы – 121б, чечен – шешен – 131б, челік – табансыз, батылсыз – 132а, черік бегі - әскер басы – 132а, чығай – кедей – 373б, елчі – елші – 152а, елік ачуқ ер – қолы ашық ер – 176а, елнің ағасы – елдің ағасы – 185б, енеке – кіндік шеше – 403б, ерсіз хатун – ерсіз қатын – 162а, есір – есір ~ тұтқын – 339а, ешікші – есікші – 167б, ет сатғучы – ет сатушы – 236б, ғаріб – ғаріп – 177б, игнечі – инеші – 259а, ынақ – уәзір – 404б, ысық сучы – моншашы – 283а, кеден – 245а, кемечі – кемеші – 266б, кефішкер – кебіскер – 320б, киизчі – киізші – 323б, күң – 121а, мекр – мекір ~ қулық – 105а, накес – нақұрыс – 247а, наиб – орынбасар – 196б, отачы – оташы – 271б, парса – парасатты – 105а, пахсачы – үйші – 110а, қалтақ – жезөкше – 290а, қойчы – қойшы – 150а, қул – құл – 109б, рай – пікір – 145б, сабырсыз – 102а, сатғучы дағы алғучы – сатушы мен алушы – 255б, шікер етғучы – шекер қайнатушы – 333а, шох - әзілкеш – 159а, султан – сұлтан – 117б, тедбірлық – ақылдылық – 113б, текеббур – тәкәппар – 213а, векіл – уәкіл – 143б, улуғ – ұлы – 160б, унутқучы – ұмытшақ – 234а, уйатсыз – ұятсыз – 36а, везір – уәзір – 102а, халифе – халифа – 160б, хан – 138а, йағчы – майшы – 351б, йайчы – жай (садақ) жасаушы – 261б, йаланғач – жалаңаш – 262б, йырлағучы – жырлаушы – 147б, йірау – жырау – 390б, һакім - әкім – 260а, т.б.

**Өнер-білім атаулары:** бейіт – 201б, бітік – жазу – 118б, бүкті білікні – бүкті жазған хатты – 151а, чүрчек – аңыз-әңгіме – 158а, девет – дәуіт (сиясауыт) – 403б, диван – диуан ~ жина, кітап – 118б, һамзалады һарфны – хамзалады әріпті – 118а, һүнер - өнер – 161а, ғілм – ғылым – 138а, китаб – кітап – 118а, кағаз – қағаз – 131а, нуқта –нүкте – 259б, қасіде – қасыда – 158а, қопузлар – қабыздар –139а, қошуқ – қосық – 255а, ривайет – рубаят – 272б, сурет – 206б, тебсір – тепсір – 127а, устад – ұста – 365б, хат – 155а-б, т.б.

**Заңгерлікке қатысты сөздер:** аһд – талап, шарт, міндет – 158б, аманат – 99б, ант – 102а, антласты – анттасты – 103а, арчлады – арашалады – 105а, азад – азат – 109б, азған – 105б, айыб – айып – 242а, борч – борыш – 120а, дад – дат – 137б, дад берүр күн – соттасар күн – 260а, дағва – дау – 403б, деліл – дәлел – 95б, фақир – заңгер – 168а, иджазет – шешім – 196а, һүджеджет – құжат – 193а, һүкүм – үкім – 157а, джебаб – жауап – 254б, мүһүр – мөр – 339б, оғры – ұры – 285а, оғурлуқ – ұрлық – 179б, өчешті - өштесті – 235б, қази –қазы – 198а, шарт – 132б, талақ – 339а, тертіб – тәртіп – 208а, уруш керіш – ұрыс-керіс – 217а, сыған аһд – бұзылған шарт – 158а, йүкүнген – жүгінген – 325б, зина – зинақорлық – 306а, зиндан – зындан – 296б, т.б.

**Тұрғын-үй, баспанаға қатысты атаулар**: ас пішүрүр ев – асхана – 194б, ағрықларның еві – аурухана – 150а, абхана – монша – 110б, босақа – босаға – 141б, ешік – есік – 167б, етмек аішүрүр ев – наубайхана – 166а, ев – үй – 170б, ғаріпларның еві – жолаушылар үйі – 178а, кент – 111а, кертек ев – отау – 275а, қотан – 302а, қуш еві – құс ұясы – 110б, сарай – 93а, шеһер – шаһар – 109а, там – 109а, төр – 110б, түңлүк – түндік – 278б, тутқа – тұтқа – 113а, йармақ соқар ев – ақша соғар үй – 99а, йазлуқ ев – жазғы үй – 285а, йер астыдақы ев – жер асты үй – 174а, т.б.

Қауымдастыққа қатысты сөздерді іштей этникалық атаулар, қауымдастыққа, дінге қастысты сөздер, демонологиялық атаулар деп бөлдік.

**Этникалық атаулар:** аджемче – парсыша – 392а, арабі (ат) – арабы ат – 151а, арапча – арабша – 392а, һиндистан – үндістан – ғырақ – ирақ – 393а, джухуд – еврей – 210а, руми – үрімдік – 314а, сарт – 319а, Шам – 331а, Йемен – 390а, йазы арабі – дала арабы ~ бәдәуи – 218а, т.б.

**Қауымдастыққа қатысты сөздер**: дост – дос – 102б, дүнийа – дүние – 157а, ел – 119б, ер – 93а, кічік – кіші – 189а, кіші – кісі – 96б, нөкер – 261а, орта йашлық- орта жаста – 144б, үлүш – ұлыс – 174а, халқ – халық – 203б, йердеш – жерлес – 251б, йігіт – жігіт – 200а-б, йолдаш – жолдас – 261а, йурт – жұрт – 114а, хатун – қатын – 95а, т.б.

**Демонологиялық атаулар:** дивлер – диюлар – 142а, ғул – дала аруағы – 94а, пері – 284а, шайтан – 164а, т.б.

**Дінге қатысты сөздер:** адина мееджіді – жұма мешіті – 402а, ағыз ачты – ауыз ашты – 99б, амин - әумин – 100б, дін – 119б, дуа етті – 185а, феріште – періште – 100б, һадис – хадис – 198а, һадж – қажылық – 192а, һақ – хақ, һарам – харам – 193а, иман – 102б, қағба – құбыла – 192а, кафір – кәпір – 192б, күнге тапынғучы – күнге табынушы – 246а, мееджид – мешіт – 210а, міскін – 237а, Муса – 241б, мусафирлар – мүсәпірлер – 241б, мусулман – мұсылман – 242а, намаз – 122а, пайғамбар – 198а, қыйамат күні – қиямет күні – 297б, қуран – құран – 98б, қурбан байрамы – құрбан айт – 311а, рузе – ораза тутқан – ораза тұтқан – 99б,

садақа – 268б, суре – сүре – 168а, сүннет – 184б, тамық – тамұқ – 340б, теңрі – тәңір – 204а, терсе – христиан – 164б, учмақ – жұмақ – 361а, хатиб – 384а, хутба – құтба – 268а, хүтнесіз – сүндеттелмеген – 165б, йалбарды – жалбарынды – 100а, йайатқучы – жаратушы – 347а, зекат – зекет – 232б, зиарет – 106б. т.б.

**Әр түрлі мағына беретін сөздер. Қимылдың орнын білдіретін үстеу сөздер**: арасыда – арасында – 105а, асты – 100а, бурун – бұрын – 366а, кең – 108а, кейін – 150а, кейінкі – кейінгі – 103б, көні – тура – 346б, ілгері – 366а, оң сары – оң жақ – 112а, ортасы – 100а, сол сары – сол жақ - 112а, соңқра – соңыра – 299б, тар – 160а, тең – 129а, төбен – төмен – 143а, түп түз – түп-түзу – 357а, үсті – 110а, үстіндекі – үстіндегі – 110б, йаны – жаны, маңы – 106б, йақын – жақын – 263а, йавуқ – жуық – 263а, йырақ – жырақ – 158б, т.б.

**Есімдіктер:** алар – олар – 98а, анга – аны – 94б, анда – онда – 346б, анқа – оған – 360а, барча – барша – 98б, барны – бәрін – 112а, бірле – бірге – 93б, біз – 118б, бу – бұ ~ бұл – 118б, манқа – маған – 249б, мен – 118а, менім – 100б, муң – мұны – 156а, мунда – мұнда – 155а, һіч – еш – 145б, ол – 95а, һер - әр – 145б, һіч һер – ешбір – 145б, өзге – 119б, өзі – 94б, ең – 103б, сен – 112а, сіз – 112б, т.б.

**Сұрау есімдіктері:** һер қанда - әрқашан – 184а, кім дүр – кімсің – 216а, не дүр – несің – 386б, нече – неше – 213а, нечүк – нешік – 387а, не үчүн – не үшін – 390а, қачан – қашан – 213б, қайсы – 98б, қайан – қайдан – 98б, т.б.

**Шылау сөздер:** тағы ~ дағы – тағы, және – 107б, йа – және – 133б, йана – және – 113а, ве – және – 118а, т.б.

**Сын есім** (түс атаулары): аб ақ –аппақ – 129а, ала – 97а, ақ – 130а, ақ боз – 130а, чабдар – шабдар – 129а, көк боз – 220б, көм көк – көкпенбек – 219б, қара – 227а, қып қызыл – қып-қызыл – 186б, қырғыл – қоңыр – 121б, сарық – сары – 335б, сүрх – сұр – 187а, т.б.

**Сандық көрсеткіштер**: бір – 95б, екі – 96а, үч – үш – 310б, төрт – 143б, ьеш – бес – 338а, алты – 206а, йеті – жеті – 181а, секкіз – сегіз – 244б, тоққуз – тоғыз – 390б, он – 181б, он бір – 181б, йігірмі – жиырма – 303а, оттуз – отыз – 179б, қырқ – қырық – 143б, еллік – елу – 338а, алтмыш – алпыс – 206а, йетміш – жетпіс – 138а, сексен – 244б, тоқсан – 390б, йүз – жүз – 144а, міӊ – мың – 138а, т.б.

**Ескі түркі тілдеріне ортақ сөздер.** Тіл өзінің дамып-жетілу кезеңдерінің әр айрықтарында өзіне тән түрлі белгілерін, ізін тілдік көрсеткіштерде үнемі қалдырып отырған. Бүгінде анықтауы өте қиынға түсетін осы тарихи белгілер тілдің тарихын тиянақты зерттеу үшін ең қымбат, таптырмайтын материалдар қатарына жатады. Сол белгілер арқылы тілдің әу бастағы табиғи қалпын, қай заманда, қандай жағдайда, айнала қоршаған қандай елдермен алыс-беріс саяси-

мәдени қарым-қатынаста болғанын біршама анықтай аламыз. Тіл – халық тарихының айнасы дейтініміз сондықтан. Ендеше тілдің даму тарихы сол тілді иеленушілердің тарихымен тығыз байланысты келеді.

Халық тарихымен айналысқан ғалымдардың тілге айрықша ден қойып, оны тарихпен шендестіре отырып зерттеуінен шын мәнінде зор кемелдіктің белгісін аңдаймыз. Атағы әйгілі ғалымдар В.В.Радлов пен А.А.Куниковтің: "Историческая этнография должна основываться на лингвистических началах" [32, 33]; К.А.Иностранцевтің: "В этнографии настоящее время придается языку не менее, если даже не более важное значение" [33, 43]; В.В.Бартольдтың : "Некоторый материал для суждения о прошлом кочевых народов, как и всяких других, дают лингвистические факты" [34,5] сияқты пайымды пікірлері өзінің ғылыми салмағын әлі жойған жоқ. Бұл келтірілген тарихи-әдістемелік принциптің ауанын аңдататын сөздер негізінде тарих пен тілдің жұбын жазбай зерттеу қажет дегенді діттейді. Бұл тұрғыдан келгенде "Мукаддиматтың" сөздік қоры да өз кезеңінің түрлі тарихи белгілерін молынан жинап, мықтап сақтап жатыр. Тіл тарихын зерттеуіміздегі негізгі табан тірер дерегімізді осы "Мукаддиматтан" алып, ондағы көрінетін ерекше тілдік фактілерді қыпшақ тілі, ол арқылы қазақ тілі тарихын анықтай алатын материал ретінде пайдаланып, оларды түбегейлі қарастыру барысында тума тіліміздің өзіндік даму эволюциясындағы өзгерістердің қайнар бастауларына үңілуге мүмкіндік аламыз.

Сөз жоқ, алуан-алуан түркі тілдес халықтар бір-бірімен өзара етене жақын байланыста өмір сүрген. Десек те замана озған сайын кей тілдердің ара жігі айырылып, жеке бөлініп, туыстас тілден ірге ажыратса (мәселен, саха, чуваш, шор, хақас, алтай тілдері), ендігі бір тілдер тобы бұған керісінше, өзара тоғысып, жақындаса түсті. Бірақ қаншалықты ірге ажыратса да туыстас тілдердің көне сілемдері тілдік көрсеткіштерде ізін қалдырды. "Мукаддиматтағы" сөздердің түп-төркіндеріне үңілгенде, оның кей тарихи тілдік белгілерін есте жоқ ескі заманда ара жігі бөлінген сол туыстас тілдерден іздейтініміз де осының дәлелі.

Тіл тарихынан бізге қыпшақ тілін зерттеу мәселесі XI ғасыр ғалымы Махмуд Қашқаридан басталып, ХУІІ ғасырдың бас кезіне барып тірелетіні белгілі. Қыпшақ тілін зерттеудің көш басында тұрған Махмуд Қашқари бұл тілдің әр түрлі диалектілері бар екендігін, сөз алдында "й" дыбысымен қоса "ж" дыбысы да қатар кездесетінін, мұндай ерекшеліктер дыбыстық жүйеде ғана емес, онымен бірге жеке сөздер, морфологиялық форманттарда да ұшырайтынын ескерткен еді.

Ескі қыпшақ жазба ескерткіштері өз ішінде көне түркілік белгілермен қатар өз тұсындағы оғыз, қарлұқ сияқты туыстас тілдер белгілерін де әрі тек қыпшақ тілдеріне ғана тән тілдік элементтерді қамтитыны аян. Дәлірек айтқанда, кез келген түркі жазба ескерткіші үш негізден: түркі тілдерінің жалпықолданысындағы сөздерден; екіншіден, есккерткіштің өзіне ең жақын тұрған туыстас тілдер тобындағы белгілерден; үшіншіден, сол ескерткіштің өзінде ғана кездесетін, басқа жазба нұсқаларында ұшырамайтын "эндомалық формалардан" тұрады. Соңғысы, әдетте, ескерткіштерде мейлінше аз келеді.

“Мукаддиматтағы” түркі материалдарының негізгі бөлігі, араб-парсы, моңғол тілдерінен енген кірме сөздерді қоспағанда, түркі тілдерінің туыстастығын білдіретін ортақ сөздерден құралады. Кез келген ескі түркі жазба жәдігерліктерінің де негізгі үлкен қабатын құрайтын осы түркі лексемалары құрайды.

“Тілдің лексикалық қоры көптеген дәуірлердің нәтижесі екені белгілі. Көне дәуірде ортақ түркі тілі өз дамуының барысында бірнеше тілдерге сараланып, соның өзінде де бұрынғы түбір сөздер бөлінген әрбір жеке тілдің негізін құрды. Басқаша айтқанда, әр тіл өзінің бұрынғы ортақтастығын сақтап қалды. Бөлінген тілдер өз еншісіне тиген ортақ сөздерді негіз етті” [34, 86].

XII ғасырдағы жергілікті халықтың сөйлеу тіліне негізделген “Мукаддимат” лексикасының түркі қабаты жалпықолданыстағы лексемаларды түзеді. Алайда, жалпықолданыста болған түркі сөздері мен түркі тіліне ортақ сөздердің ара жігін айыра білу керек. Мәселен, сөздіктегі араб-парсы, моңғол тілдерінен енген кірме элементтерді қоспай алып тастағанда, онда тек түркі лексикасы қалады, міне, осы, түркі тілдеріне тән ортақ лексиканы құрайды. Ал жалпықолданыстағы лексикаға түркі тілдерінің әр диалектілерінде түрлі вариантта қолданылатын, бірақ семантикалық мағынасы бір сөздер жатады. Мысалы, “ай”, “күн”, “үлгәр”, “иетиген”, темірқазық” т.б. Осылайша, жалпықолданыстағы лексика адамның іс-әрекетін, қоршаған ортасын түгел қамтиды. Сөздіктің сөздік құрамын сүзіп шыққанда, бұлар “Мукаддиматтың” үштен бір бөлігін құрайды екен.

Зерттеу мақсатымыздың бірі – бұл жазба ескерткіштің бойында сол тұстағы жазылған кез келген жазба нұсқалармен салыстырғанда қыпшақ тілінің өзіне тән ерекшелігі қаншалықты сақталғандығын анықтауға келіп саяды. Ал оның туыстас тілдерден қаншалықты жақын-алысын, тілдік белгілердің эволюциялық дамуын анықтау үшін оны өзінен бұрынғы өз тұсында не өзінен кейін хатқа түсіп, дүниеге келген басқа жазба нұсқалармен салыстыра қарастыру қажет.

Осы тұрғыдан алғанда “Мукаддиматқа” өзінен бұрын жазылса да уақыты жағынан ең жақын тұрғаны Махмуд Қашқаридің “Диуани лұғат ит-түрк” сөздігі болғандықтан, қос сөздікте кездесетін қыпшақ сөздеріне тән ортақ лексемаларды анықтайық:

| „Диуандағы” қыпшақ сөздері | томы, беті, | „Мукаддиматта” | беті | қазақшасы |
|---|---|---|---|---|
| аз | 1, 115 | аз | 136 б | аз |
| азіг | 1, 95 | азық | 105 б | азу (тіс) |
| азук | 1, 97 | азуқ | 228 б | азық |
| айгір | 3, 134 | айғыр | 97 а | айғыр |
| аіак | 1, 112 | айақ | 221 б | аяқ |
| ағірладі | 1, 297 | ағырлады | 228 а | құрметтеді |
| агу | 1, 116 | ағу | 302 а | у |
| барак | 1, 359 | ит | 136 б | барақ (ит) |
| бакір | 1, 341 | бақыр | 111 б | бақыр |
| білазук | 1, 473 | білезук | 222 а | білезік |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| эв | 1, 68 | ев | 170 б | үй |
| эмік | 1, 102 | емчек | 220 б | емшек |
| энак | 1, 154 | еңек | 165 б | иек |
| тікан | 3, 51 | тікен | 278 а | тікен |
| іарім | 3,25 | йарым | 201 а | жарым |
| іака | 3,31 | йақа | 201 б | жаға |
| кеклік | 1, 444 | кеклік | 405 | кекілік |
| кәдін | 1, 384 | келін | 118 а | келін |
| кәнаш | 3, 376 | кеңгеш | 198 б | кеңес |
| кізіз | 1, 347 | кииіз // кіз | 323 б | киіз |
| көзуну | 3, 146 | көзгү | 350 б | айна |
| кузачу | 3, 18 | күйеу | 229 а | күйеу |
| мунуз | 3, 397 | мүңүз | 131 б | мүйіз |
| негу | 3, 233 | не үчун | 390 а | неге |
| отачі | 1, 71 | отачы | 271 а | оташы |
| огрі | 1, 147 | оғры | 285 а | ұры |

Бұндай дыбыстық, мағыналық үйлесім тауып жатқан сөздер қос сөздікте жыртылып айрылады.

Енді "Мукаддиматты" XIII-XIУ ғасырлар аралығында готикалық және көне шрифтымен жазылған, әйгілі ортағасырлық ақын Ф.Петрарка Венецияның Әулие Марк кітапханасына тапсырған, қыпшақ тілінде хатқа түскендігі ғылыми тұрғыда дәлелденіп, ол жөнінде ешқандай күмән туғызбайтын "Кодекс Куманикуспен" ("Куманша (қыпшақша) сөдік") де салыстырып көрелік. Бірінші бағанада "Кодекстен" сөздер алынып, беті көрсетіледі, одан әрі "Мукаддиматтағы" балама сөздер келтіріліп, беті көрсетіледі. Соңында қазақша аудармасы:

| **„Кодекс"** | **беті** | **"Мукаддимат"** | **беті** | **қазіргі қазақшасы** |
|---|---|---|---|---|
| абышқа | 37 б | абышқа | 162 а | қарт, күйеу |
| аксак | 60 б | ақсақ | 143 а | ақсақ |
| алтын | 16 а | алтун | 89 а | алтын |
| балта | 28 а | балту | 189 а | балта |
| балык | 19 а | балық | 189 а | балық |
| бармақ | 4 б | бармақ | 138 а | бармақ |
| егеу | 34 а | егек | 313 б | егеу |
| екінді | 25 б | екінді | 180 а | екінші |
| кеме | 19 а | кеме | 266 а | кеме |
| көр | 4 а | көр | 324 б | көр |
| қысырақ | 13 а | қысрақ | 115 а | қысырақ |
| қырғый | 7 б | қырғуй | 406 б | қырғи |
| тау | 11 а | тағ | 117 б | тау |
| тузақ | 20 б | тузақ | 367 б | тұзақ |

"Мукаддимат" тілін XУ ғасырдың туындысы, қыпшақ тілі негізінде жазылған, авторы белгісіз "Китаб аттуһфа-уз закийа фил-луғат-ит түркийа" ("Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық") жазба еакерткішімен де салыстыра-салғастыра қараған жөн. Өйткені бұл ескерткіштің лексикасын зерттеген ғалым Т.Арыновтың көрсетуі бойынша: "Аттуһфаның" лексикалық тұлғасы басқа ешбір тілге дәл қазақ тіліндей өзгеріссіз сақталмаған" [35, 165-169]. Ғалымның бұл шығарманы көне қазақ тілінде жазылған ескерткіш деп қарауға негіз бар деуі сондықтан. Яғни бұл туынды, шындығында, қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілін тікелей байланыстырып жатқан көпір іспетті аралық еңбек. Енді " Мукаддиматтағы" қыпшақ, қазақ тіліне жақындатарлық айғақтар келтірейік:

| **"Аттуһфа"** | **беті** | **"Мукаддимат"** | **беті** | **қазіргі қазақшасы** |
|---|---|---|---|---|
| айа | 30 б | ауч | 97 б | алақан |
| айгыр | 13 а | айғыр | 97 а | айғыр |
| айран | 31 б | айран | 364 а | айран |
| акша | 52 б | йармақ | 126 а | ақша, бақыр |
| ару | 36 б | аруғ | 355 а | арық |
| балапан | 22 а | джөзе | 210 а | балапан, шөже |
| барақ | 30 б | ит | 136 а | ит |
| барша | 81 б | барча | 98 б | барша |
| бауур | 30 б | бағыр | 152 б | бауыр |
| бөрі | 16 а | бөрі | 134 а | бөрі |
| борік | 23 а | пөрүк | 233 б | бөрік |
| жомарт | 30 б | жаванмардлық | 203 б | жуанмәрттік |
| йалбарды | 9 б | йалбарды | 100 а | жалбарынды |
| йанбасты | 13 б | йанбашы | 330 б | жамбасы |
| йапырақ | 14 б | йапрақ | 125 б | жапырақ |
| йырық | 48 б | йырук | 321 а | жырық |
| киік | 38 б | кейік, киік | 172 а, 363 а | киік |
| кауун | 7 б | қавун | 207 б | қауын |
| қоншы | 11 б | қошны | 301 а | қоңсы, көрші |
| мамық | 29 а | мамуқ | 218 б | мамық |
| ійне | 4 б | ігне | 205 а | ине |

Қорыта келгенде айтпағымыз – "Мукаддимат" пен қазіргі қазақ тілінің сонау алыстан барып қосылса да өзара тарихи байланысын ашып көрсету мақсатында әр кезеңдегі жазылып қалынған тілдік материалдарды бір-бірімен нақты салыстырып, оның туыстас тілдерден қаншалықты жақын, алысын анықтауға мүмкіндік алдық. Осы салыстырулар негізінде байқағанымыз, ескерткіш тілінің сол тұста жазылған ескерткіштермен салыстырғанда қыпшақтық ерекшелігі барлығы, көп дені тілдік қорымызда кездесетін сөздер екендігі. Сондай-ақ өзінен бұрын жазылған Махмуд Қашқаридің "Диуани луғат ит-түрк", өзінен кейін жазылған "Аттуһфа", "Кодекс куманикуспен" шендестіре қарап шықтық, ондағы сөздер "Мукаддиматпен қабысып жатқанын көрдік.

**Кірме сөздер (араб, парсы, монғол тілдерінен енген сөздер). Араб-парсы сөздері.** Тілдердің өзара қарым-қатынасы, бір-бірімен байланысының зерттелуі көбінесе тіл білімінің лексика саласына тән. Басқа тілдердің элементтері араласпаған бірде-бір "таза" тіл жоқ деген қағидаға сүйенсек, түркі тілдерінің ішінде өзінің тазалығын, тұтастығын, өзіне тән ерекшелігін өз бойына көбірек сақтап келе жатқан қыпшақ тілі де шет тіл элементтерінен ада емес. Талайғы ғасырлар бойына қыпшақ лексикасы басқа тілден енген кірме сөздер арқылы да толығып, үздіксіз байып отырды. Міне, осындай қыпшақ тілдік қорында әр заманда қабылданып, қыпшақ сөздерімен мидай араласып кеткен, бір қарағанда тіпті төркіні ұмыт болып, төл қыпшақ тіліне айналып кеткен кірме сөздер "Мукаддиматта" да көптеп кездеседі.

Түркі тіліне елеулі әсер еткен, оның мағыналық қорында айтарлықтай із қалдырған тілдерге араб, парсы-иран және моңғол тілдері жатады.Түркі тілдеріне енген араб және иран тілдерінің элементтері моңғол тілімен салыстырғанда көбірек зерттеліп келеді.

Түркі халықтары иран тілдес халықтармен ежелден қоныстас болып, әлеуметтік-қоғамдық өмірдің түрлі салаларында жан-жақты қатынас жасап, араласып-құраласып тұрған. Яғни бұл тілдердің бір-біріне әсер етуі әріден басталған. Оның бер жағында арабтар Орта Азияны жаулап алып, өз мәдениетін, ислам дінін насихаттап, ғылыми еңбектерде, шаруашылық, сауда, әкімшілік-басқару жұмыстарында араб тілі кең тарап, етек ала бастайды. Міне, осы кезеңде түркі халықтарының тіліне жүздеген, мыңдаған, араб сөздері енеді. Алайда, бұл жерде мынаны ескерген жөн. Түркі тілдеріне тікелей енген араб сөздерінен гөрі парсы тілі арқылы енген араб сөздері әлдеқайда басым. Яғни, парсы тілі аралық тіл есебінде қызмет еткен. Оған қоса түркі халықтарының әдебиеті өткен дәуірде арабқа қарағанда парсы әдебиетінің ықпалына көбірек ұшыраған. Айта кетерлік жайт: иран (жазба әдебиеттегі иранизмдер негізінен парсы сөздері) элементтерінің араб элементтерінен аз болу себебі: парсы тілі араб сөздерін барынша көп қабылдап алған. Осылайша, араб, иран тілдерінің элементтері түркі халықтарының ауызекі тіліне де, жазба әдебиетке де енген. Бірақ зерттеушілердің айтуына қарағанда [36, 158]. ауызекі тілден енген кірме сөздерден жазба әдебиетке енген сөздер әлдеқайда көп.

Орта ғасыр жазба мұралары – Құтбтың "Хусрау уа Шырын", Сейф Сарайидің "Гүлстан бит-түрки" шығармаларындағы кірме элементтерге лексикалық-грамматикалық талдау жасаған белгілі ғалым Б. Сағындықов: "Жаңа тілдің қарауына көшкен сөздер сол тілдің дамуының ішкі заңдылығына бағынады. Соның салдарынан оның дыбыстық құрамы, грамматикалық қасиеті кейбір жағдайда семантикалық мағынасы өзгеріске ұшырайды. Мұндай сөздер бірте-бірте сіңісіп кетеді, шет ел сөзі екені аңғарылмайды да. Алайда бұл айтылған ерекшеліктер негізінен ауызекі тілге енген сөздерге ғана тән. Жазба әдебиетке енген сөздерден мұншалықты өзгерістер байқала қоймайды. Көп жағдайда, тіпті түгелдей дерлік, төл тілдегі қасиеттерін сақтап калады" [37,158] – дейді. Кезінде А.А.Реформатский де: "При втором – книжном – пути заимственные слова и позвуковому виду и по значению ближе к оригиналам, но

зато они дольше остаются неосвоенными варваризмами в заимствующем языке сохраняя некоторые черты чуждые фонетике и грамматике заимствующего языка” [38,483] – деген болатын. Жалпы араб, иран элементтерінің лексикалық-грамматикалық сипаты және олардың қолданылу жай-күйі барлық орта ғасыр әдеби мұраларында бірдей болса, жоғарыда келтірілген Б. Сағындықовтың сөзіне алып-қосарымыз жоқ.

**Араб сөздері.** Араб сөздерінің көпшілігі абстракты мағынада қолданылған. Себебі араб сөздері діни ұғымдарды білдіреді: ант – 102а, асыл – тек 362 б, аһд – талап ~ шарт ~ міндет – 102б, аманат – 105б, азад – азат – 109б, амин – әумин, осылай болсын - 100б, арайы – 104а, арал – 104а, суннет – 361а, намаз – 373а, ақшам – 373а, баракат – берекет – 117а, борч – борыш – 120б, бахт – бақыт – 114б, варах – парақ – 251б, васиет - өсиет – 216б, вақт – уақыт – 199а, вафа – опа – 373б, давлат – дәулет – 126б, дад – дат – 137б, деліл – дәлел – 95б, дін – 159б, дуға – дұға – 147б, дүнийа – дүние – 157а, факир – заңгер – 168б, иджазет – шешім – 196б, һүкум – үкім – 157б, джебаб – жауап – 254а, зекет – зекект – 314б, залым – 262б, талақ – 339б, ғаріб – ғаріп – 178а, ғибрет – ғибрат – 392б, ғашық – 360б, кесб – кәсіп – 209а, садақа – 268б, қағба – 196а, залым – 202б, кафир – кәріп – 212а, хағад – қағаз – 131б, қалам – 383а, һаджет – қажет – 225а, һүкүм – үкім – 157а, һерекет - әрекет – 373б, феріште – періште – 100б, дестүр – 139а, ғакреб – ақырап – 404а, лайик – лайық – 232б, мүшкүл – мүшкіл – 147а, муһаббат – махаббат – 241а, мусулман – мұсылман – 242а, мусафір – мүсәпір – 241б, муса – Муса – 241б, қыйамат күні – қиямет күні – 297б, құрбан айы – 186а, сабыр – 227а, селем – салем – 320а, сафар – сапар – 208б, сағат – 252б, сыр – 107б, сыфат – сипат – 223б, табиғт – 317а, фил – піл – 199а, хабер – хабар – 229а, халқ – халық – 203б, һыдмат – қызмет – 204а, хайанат – қиянат – 157б, шікер – шекер – 333а, һаджі – қажы – 210а, шайтан – 353б, т.б.

**Парсы сөздері.** Парсы сөздерінің қомақты бөлігі конкреттік мағынада: абруй – абырой – 258б, азад – азат – 109б, азар – азар ~ ызы – 109б, ашқара - әшкере – 195б, баға – баһа – 402б, базар – базар – 115б, бағ – бау бақша – 402б, бағчы – бағбан – 402б, бела – бәле – 334а, девһер – гауһар – 172а, гүр – көр, мола – 188а, гүл – гүл – 110а, 172б, дайым – дәім, әрдәйім – 380а, данишменд – данышпан – 383б, дар – дар ағашы – 403б, дава – дауа – 274б, дағва – дау (тяжба) – 403б, дост – дос – 103а, душман – дұшпан – 344а, джефа – жапа – 244а, джан – жан – 101а, джиһан – жаһан, жиһан – 304б, джаванмард – жуанмәрттік – 203б, зийан – зиян – 302б, йар – жар – 261а, нишан – нышан – 117а, пешіман – пұшайман – 284а, наурыз – 274а, наһақ – 247а, наиб – наиб – 196б, назір – нәзір – 208б, неджіс – нәжіс – 248а, сарай – 93а, тазе – таза – 159а, чыраға – шырақ – 169б, шеһер – шахар – 109а, сешенбе күні – сейсенбі күні – 180а, пеншенбе күні – бейсенбі күні – 338а, иекшенбе күні – жексенбі күні – 252б, дүшенбе күні – 305а, т.б.

Тіліміздегі мағынасы тарылған сөздер: дад (дат), бетүт күн (соттасар күн), есір (тұтқын), мүкетеб (еркіне жіберілген), дар (дар ағашы), т.б.

Тіліміздегі мағынасы кеңейген, қазіргі тілдік қолданыста жиі кездесетін сөздер: адаб (әдеп), аманат, ант, азад (азат), бахт (бақыт), бисмиллаһ, дуға (дұға), китап (кітап), сир (сыр), сурат (сурет), һыдмат (қызмет), һүджеджет (құжат), мүһүр (мөр), шакар (шекер), ғашиқ (ғашық), т.б.

Бұл айтылғандарды жинақтай келе мына мәселелерге назар аударамыз:

- біріншіден, араб, парсы-иран сөздері сонау «Мукаддимат» заманынан бермен қарай түркі тілдерінің лексикалық құрамына еніп, мағынасы, тұлғасы жағынан біртіндеп игеріле бастаған;

- екіншіден, араб, парсы-иран сөздерінің түркі лексикасында, барлық салаларында актив топтары қалыптаса бастаған.

Түркі тілінің, оның ішінде қазақ тілінің сөзжасам процесіне араб, парсы-иран сөздерінің қатысы бірдей дәрежеде деуге болмайды, оларға тән мынадай ерекшелікті атап көрсету керек:

1. Бірқатар араб, парсы-иран сөздері түркі (қазақ) тіліне туынды түрде (жұрнақтармен) кірген. Мысалы: аманат, хийанат, залым, шарахат, т.б.

2. Түркі тіліндегі араб, парсы-иран сөздері құрамына ешбір жұрнақ қабылданбай-ақ, жеке сөз ретінде қолданылатын сөздер аз емес. Мысалы: аһд, ант, дост, гүл, аспан, шарт, зина, т.б.

3. Кейбір араб, парсы-иран сөздері тек көмекші етістіктермен тіркесіп келіп қосылады: ант ічті, дад берүр күн, кең манқышлық болды, сешенбе күні, пеншенбе күні, иекшенбе күні, дүшенбе күні, т.б.

4. Кейбір сөздер бөлігі белгілі бір түбі түркі сөздермен не араб, не парсы-иран сөздері өз ара тіркесіп, қосарланып келеді. Мысалы: қаулы-қарар, талан-тараж, т.б.

**Моңғол сөздері.** Орта, Орталық Азияның түркі, моңғол тілі топтарына жататын халықтардың қоғамдық, мәдени, әлеуметтік, тұрмыстық, тарихи қатынастары ежелден ұқсас, тіпті бір-бірімен етене жақын болып келген. Осындай ортақ қарым-қатынас, бір қалыпты қауымдастықтың нәтижесінде оларда тіл ортақтастығы да болғанын кейінгі зерттеушілер сөз қылып жүр. Тарихшылардың айтуына қарағанда [39], Моғолыстан құрамына өткен алғашқы монғол ру-тайпалардың өздері түркі тілдерінде сөйлеген. Әр замандағы тарихи жағдайлар, мәдени-саяси жақындық халықтар тілдеріне әсер-ықпал етіп, тілдің дамуына, ассимиляциялануына, өзгерістер енуіне және бірнеше халыққа ортақ сөздіктер тууына себеп болған. Жүздеген жылдар бойы қос халықтың саяси-қоғамдық, әлеуметтік қатынасы тарихта белгілі. Шыңғыс хан империясынан бұрын да, кейін де бір толастаған емес. Бұл тілдердегі шаруашылық, мал, мүлік, аң-құс атауларынан кездесетін ұқсастықты осы тарихи мүдде бірлігінің ізі деп білеміз. Мәселен, туыстық атаулардың (түркіше: «нағашы», «бажа» - монғолша: «нагацы», «баз») айтылу, естілу жақындығы, бұл атаулардың бір кездері екі халыққа да ортақ болған ба деген ой келеді. Сондай-ақ бугу (монғолша: буга), бүркіт (бүргэд), ғунан (гунан), дөнен (дөнөн), карча (царцаа), қырғуй (хяргуй), манул (мануул), т.б. көшпелі халыққа тән мал шарушылығына аң-құс, саятшылыққа байланысты

атаулардың қос тілде де қаз қалпында, сол күйінде айтылуы екі халықты етене етіп, туыстастыра түсіреді.

Жалпы тарихи лексикологияда түркі, монғол тілдерінің қарым-қатынасын үлкен екі дәуірге бөліп қарау бар: біріншісі – көне, XII ғасырға дейінгі дәуір, әдетте мұнда түркі, моңғол тілдерінің шығу тегі, базистік лексикасының түбір тұлғалар мен сөз жасам модельдердің туыстығы, ортақтастығы немесе сәйкестігі сөз болады; екіншісі – XII ғасырдан кейінгі, яғни Шыңғысхан бастаған моңғол шапқыншылығының біздің қоғамымызды мекен еткен ру-тайпаларды жаулап алып, үстемдік еткен дәуір, бұл дәуірде тілдердің тарихи жағдайларға байланысты ықпал-әсерін, өзара лексикалық ауыс-түйісті қарастырады [40, 15-16].

Жалпы түркі тіліндегі сөздерді сөз табына қарай жіктеп, оларды моңғол тілдеріндегі сөздермен салыстырып қарасақ, түп-тұрпаты мен мағыналары бірдей ұқсас, үйлес сөздер көптеп кездеседі. Б.Базылханның айтуынша: «Моңғолша-қазақша сөздікке» енген қырық мың сөздің 60% екі халыққа лілес туынды сөздер екендігі анықталған [41, 8]. Моңғол тілдері түркі тілдерімен тек сөз байлығы жағынан ғана емес, грамматикалық құрылымы жағынан да сәйкестігі бар. Түркі тілдері сияқты моңғол тілдері де жалғамалы тілдердің қатарына жатады. Осындай ұқсастыққа қарап, кейбір ғалымдар (Владимирцев Б.Я., Катанов Н.Д., Санжеев Г.Д., т.б.) бұл тілдерді бір системалы тілдердің қатарына жатқызуды қалайды [42,65].

Айта кетерлігі: егер түркі тілінің сөздік қорына санскрит, тибет, т.б. тілдерден енген сөздерді есептемесек, онда түркі, моңғол тілдерінің негізгі сөздік қорында осы екі тілге ортақ, ұйытқы сөздердің молдығын көреміз. «Қазақ тілі моңғол тіліне басқа тілдерден ең жақын тіл» [43,8] дейтін пікір де негізсіз болмаса керек.

Расында, моңғол мен түркі (соның ішінде қазақ) тілдеріне ортақ элементтер фонетика саласында да көптеп кездеседі. “Моңғолша-қазақша сөздікте” айтылғандай: “Моңғол, қазақ тілдеріне ортақ фонетикалық жүйесі, екі тілдің де қазіргі жағдайымен есептегенде, көне моңғол тілінің фонетикалық жүйесі , қазіргі қазақ тілінің фонетикалық жүйесімен негізінде сәйкес келеді. Ал қазіргі моңғол тіліндегі сөздердің фонетикалық жүйесі қазіргі өазақ тілінің фонетикалық жүйесімен салыстырғанда екі тілге ортақ сөздердің көпшілігінде сәйкеседі де, біраз сөздерде ауытқу, сыну құбылыстары байқалады. Мәселен, көне моңғол тіліндегі “жадағай”, чалма, сылтақ, қара, тоқа” сөздері қазақ тілінде әлі де сол қалпында айтылса да қазіргі моңғол әдеби тілінде “задгай, цалам, шалтақ, хар, тах” тұлғасында ұшырап, дыбыстық жүйесінде орын ауысу, алмасу, сыну құбылыстары байқалады”[43,8]. Бұдан шығатын қорытынды қазіргі қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне көне моңғол тілінің дыбыстық жүйесі, қазіргі моңғол тіліне қарағанда, бір табан жақын. Мұны моңғол-түркі тілдерінің қыр-сырына жетік И.Поппенің “Мукаддимат” жайында айтқан моңғол тілін қамтитын бөліктегі сөздердің дені XIII-XIУ ғасырларда Орта Азияны қоныс еткен жалайыр, барлас руларының тілдерімен төркіндес [44, 7-8] дейтін пайымды пікірі қуаттай түседі. Тілдердегі мұндай айырма мен ортақтастықты “Мукаддиматта” берілген көне моңғол сөздерін қазіргі моңғол, қазақ тілдерімен салыстырғанда анық байқай аламыз. Сөзіміз

дәлелді болу үшін сөздіктегі түркі, моңғол тілдеріндегі кейбір мағыналық, тұлғалық бірліктегі мәндес лексемаларға тоқталып өтпекшіміз: адасқа (402а) – адсаға – тулақ - ҚМС (Қазақша-моңғолша сөздік) – 313-б., алақан (97б) – алга – алақан – ҚМС – 22-б., анқыр (402а) – эмнэг хангал – тарпаң – ҚМС – 299-б., Арслан (402б) – арслан – арыстан – ҚМС – 48-бет, ахта (402б) – агт – ат, азбан – ҚМС – 22-бет, баранқар (402б) – баруун қар – оң қол – ҚМС – 223-бет, барс (402б) – барс – барыс – ҚМС – 54-бет, бішлақ (403а) – беслаг – ақ ірімшік – ҚМС – 368-бет, бүркүт (403а) – бүргэд – бүркіт – ҚМС – 76-бет, буғу (403а) – буга – бұғы – ҚМС – 70-бет, генжиге (404а) – шил – кежеге – ҚМС – 145-бет, ғол (404а) – гол – негізгі, басты – ҚМС – 132-бет, ғұнан (404а) – құнан – ҚМС – 197-бет, дағуулға (403б) – дуулға – дулыға – ҚМС – 62-бет, даруға (403б) – дарға – бастық – ҚМС – 56-бет, джарлық (404б) – зарлық – жарлық – ҚМС – 111-бет, джамадан (200б) – чемодан – чемодан – ҚМС – 121-бет, джіміш (160а) – жимис – жеміс – ҚМС – 121-бет, джочын (404б) – зочин – қонақ – ҚМС – 187-бет, джөген қар (404б) – зүүн гар – сол қол – ҚМС – 275-бет, дөнен (403б) – дөнөн – дөнен – ҚМС – 91-бет, еркебчі (404а) – хуруувч – оймақ – ҚМС – 231-бет, елчі (403б) – элч – елші – ҚМС – 97-бет, қайчы (406а) – хайч – қайшы – ҚМС – 557-бет, қаджарчы (406а) – газарч – жол көрсетуші – МҚС (моңғолша-қазақша сөздік) – 116-бет, қалджақчын (406а) – угалз – құлжа – ҚМС – 197-бет, қарауул (406а) – харуул – қарауыл – ҚМС – 178-бет, қачар (406а) – хацар – жақ, бет – 578-бет, қарча (406а) – царцаа – шегіртке – ҚМС – 351-бет, қарчығай (406б) – царцаға – қаршыға – ҚМС – 179-бет, қудуға (406б) – худаг – құдық – ҚМС – 194-бет, қырғуй (406б) – хяргуй – қырғи – ҚМС – 205-бет, қулан (406б) – хулан – құлан – ҚМС – 196-бет, құмқан (406б) – гуц – құман – ҚМС – 197-бет, лачын – начин – лашын – ҚМС – 209-бет, манглай (405а) – магнай – маңдай алды – МҚС – 298-бет, манул (405а) – мануул – мәнін – МҚС – 298-бет, марал (405а) – марал – марал – ҚМС – 298-бет, муче (405а) – мөч – мүше – ҚМС – 223-бет, нағачу (405а) – нагац – нағашы – ҚМС – 226-бет, нохта (405б) – ногт – ноқта – ҚМС – 228-бет, нугула (405б) – нугалах – бүктеу – ҚМС – 75-бет, нөкер (405б) – бараа бологч – серік – ҚМС – 228-бет, оламчақ (405б) – олам – айыл – ҚМС – 21-бет, өлең (405б) өлөң – шөп – ҚМС – 386-бет, һөні (404а) – оқтағы белгі, кертік – хонгио – жез – ҚМС – 591-бет, тақым (407б) – тахим – тақым – ҚМС – 293-бет, тоқум – тохом – тоқым – ҚМС – 308-бет, топчы (407б) – товч – түйме – ҚМС – 316-бет, тор (407б) – тор – тор – ҚМС – 310-бет, торай (407б) – торай – торай – ҚМС – 310-бет, тулан (407б) – 5 жасар мал – тулан (балық түрі) – МҚС – 477-бет, турумтай (407б) – торомдай – тұрымтай – ҚМС – 315-бет, сал (407б) – сал, салы – ҚМС – 259-бет, сарымсақ (407а) – саримсаг – сарымсақ – ҚМС – 265-бет, шату (407а) – шат – саты – ҚМС – 235-бет, чағдағуул (403б) – цагдаа – сақшы, күзетші – МҚС – 674-бет, чагучек (403б) – тостаған, жижиг хул – тостаған – ҚМС – 361-бет, чоқ (403б) – цог – шоқ – ҚМС – 355-бет, чулбур (403б) – цуулбуур – шылбыр – ҚМС – 147-бет, уғур (408а) – уур – келі – ҚМС – 147-бет, үкер ғарлугач – (408а) – ухэр хараацаай – сиыр қарлығаш – ҚМС – 179-бет, уджағуур (408а) – язгуур – тамыр – ҚМС – 179б-бет.

Қорыта келгенде, екі халықтың қоғамдық, әлеуметтік, тұрмыстық, тарихи қатынастары ежелден ұқсас болғандықтан тіл ортақтастығы болған. Халықтар

тілдеріне олардың өміріндегі тарихи жағдайлар үнемі әсер етіп отырған. Негізінде бір тілден екінші тілге ауысу, түйісу, яғни ассимиляция процесі қандайы болмасын ол бір жақты, бір бағытта болмайды. Моңғол тілдері мен түркі тілдерінің өз ара тығыз қарым-қатынасы екі жаққа бірдей ықпал жасады. Сондықтан да бұл тілдердің лексикалық қорында кездесетін көптеген ортақ дүниені заңды түрдегі субстрат, суперстрат құбылыс деп қараған жөн.

**“Мукаддимат әл-адаб“ тіліндегі сөздердің семантикалық қолдану ерекшеліктері.** Зерттеуші тілші ғалымдар өз заманында ескі жәдігерлер авторларының өз еңбектерін жазуда өз алдына белгілі бір мақсат көздегендіктен, сол тілдің жан-жақты толық жетілген мүмкіншілігін әдейі пайдаланбай, тек қолданған тілдің диалектикалық ерекшеліктерін көрсете алған деген қорытындыға келеді. Соның өзінде сөздіктерде келтірілген азғантай сөздік құрамнан-ақ тілдің ғасырлар иініндегі мол байлығын, жоғары мүмкіншілік деңгейін толық аңғаруға болады.

Тіл лексикасы семантикасының байланысы: лексикалық мағынаның мазмұндық түрлері және лексикалық мағынаның формалық түрлері болып бөлінеді. Басқаша айтқанда, лексикологияның семасиология тармағының қарастыратыны – сөз семантикасы мен тұрақты сөз тіркестерінің семантикасы десек, өзара бұлар сөздіктің лексикалық-семантикалық жүйесін жасайды. Олардың араларындағы лексикалық-семантикалық байланысты шартты түрде көлденеңнен және тігінен деп топтауға болады. Осындай ыңғайда сөз мағынасының тігінен байланысы – гиперпоним, гипоним, эквонимдерден тұрса, көлденеңдік байланысына синоним, антоним, полисемия, конверсия, омоним, пароним деген мағыналық-формалық бірліктер жатады. Сөздіктің осы айтылған екінші тобына талдау жасап көрелік.

**Синонимдер.** “Синоним сөздер – кез келген тілдің қаншалықты дамығандығын, оның оралымдығын көрсететін сөз байлығының құнарлы бір саласы” [45,1] дейтін болсақ, “Мукаддимат” тілінің синонимдері саны мен көлемі жағынан да, синонимдік қатарлардың молшылығы жағынан да өте бай.

Ойды соншалықты дәлме-дәл етіп жеткізе алу – тілдің синонимдік байлығын игерумен өлшенеді десек, әз-Замахшари түркілік мәндес сөздердің мағыналық ерекшелігін дұрыс аңғарып, керекті жерінде лайықтап қолдана білген. Заты тілші ғалым болғандықтан тілдік материалдарды орынды, талғампаздықпен пайдаланады. Ескі сөздіктегі синонимдік қатарларды сраптап, сұрыптап жіктегенде мынадай нәтижелер көрінеді.

Екі сөзді синонимдік қатар: келе (95б) – мал (95б);

Үш сөзді синонимдік қатар: чығай (373б) – ғаріб (373б) – йоқсыз (373б);

Төрт сөзді синонимдік қатар: баға (402б) – паһа (160б) – һақы (163б) – нерх (223а) көп көптеп ұшырайды.

Сонымен бірге синонимдер сөз табының түгелге жуығын қамтыған. Зат есім синонимдері: аджем (392а) – парсы (392а); ауч (97б) – алақан (97б); баға (402б) – паһа (160б) – һақы (163б) – нерх (223а); борч (402б) – фаризе (168а) – борыш,

парыз; еш (102б) – дост (102б) – дос; елік (272б) – қол (272б) – қол; келе (95б) – мал (95б) – мал; чығай (373б) – ғаріб (373б) – йоқсыз (373б) – кедей; кент (111а) – шеһер (109а) – қала, шахар;

Сын есім жасайтын синонимдер: арығ йер (105б) – таза йер (105б) – таза, киелі жер; ғула (107а) – туч (107а) – қола; йақын (263а) – йавуқ (263а) – жақын, жуық); чын (381а) – растлық (381б) – растық, шындық; кір (219а) – арықсыз (125а) – неджис (248а) – кір, таза емес;

Етістік жасайтын синолнимдер: һаджет (255а) – муһтадж (241а) – қажет, мұқтаж; йарды (291б) – сындурды (291б) – жарды, сындырды;

Синонимді сөз еткенде дублеттерге соқпай кетуге болмайды. Негізінде "синоним болатын сөздердің не мағынасында, не стильдік мәнінде немесе сөз қолдану жүйесінде әйтеуір бір өзгешелігі болуы міндетті шарт. Ал дублеттерде мұндай шартты белгілер мүлдем қойылмайды, олардан талап етілмейді де. Дублеттер қайда қолданылса да, барлық жерде де бір-бірімен ешбір айырмашылығы білінбей тұруы керек. Тек сондай тепе-тең, нақ бірдей жұп сөздер ғана дублет деп танылады" [46,12]. Сөздікте мынадай дублеттер кездеседі: бақ (98а) – бау (98а) – бау; бел бағ (128б) – бел бақ (128б) – белбеу; бойн (226а) – бойун (226а) – мойын; бөрүк (233б) – пөрүк (233б) – бөрік; қырағы (107а) – қығығы (107а) – қыры, шеті; қорқмақ (96б) – коруқмақ (96б) – қорықпақ; куш (93б) – ғуш (27б) – құс; ылан (238а) – йылан (97а) – жылан; өлдүрді (97а) - өлтүрді (97а) - өлтірді; сауқ (226б) – савуқ (226б) – суық;

**Омонимдер.** Сөздікте дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары әр басқа сөздер де жеткілікті. «Мукаддимат» омонимдерін екі бөлікке топтастыруға болады. Біріншісі – лексикалық немесе толық омонимдер, екіншісі – лексика-грамматикалық немесе жартылай омонимдер.

Мәселен, от (94а) – бірде жанатын от мағынасында берілсе, екінші бір қолданыста от (101а) шөп немесе жайылым мағынасында беріледі. Омонимдік қатарды құрастырушы сыңарлар бір ғана сөз табына қатысты болып, қалай түрленсе де, ол сыңарлар барлық формаларында бір-бірімен сәйкес келіп, толық омонимді құрап тұр. Сол сияқты йер (96а) – ер; ай (112б) – астрономиялық атау әрі ай башы (183а) – ай басы мезгілді білдіріп, толық мәнге ие болып тұр.

Ал кейбір тіші (103б) – адамның тісі, тіші (103а) – ұрғашы; сары (105а) – пайдасы, сары (105а) – сары түс, бурун –мұрын (634-284а), бурун – бұрын (317-366а) үстеу мағынасында қолданылған омонимдік құрастырушы сыңарлар әр басқа сөз табына қатысты болып, олар бір-бірімен негізгі формасында ғана сәйкес келіп, басқа формасында ажырасып кетіп, лексика-грамматикалық немесе жартылай омонимдік қатар түзеді.

**Антонимдер**. «Мукаддиматта» мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер мейлінше көп. Бір сөзді антонимдер де, мысалы: қатық (295а) – ауслаут позициядағы иэлизия құбылысына ұшыраған) – йумшақ (133а) – қатты-жұмсақ, екі сөзді антонимдер де (мысалы: оң сары (112а) – сол сары (112а) – оң жақ – сол жақ),

үш не одан да көп сөзді антонимдер де (мысалы: күн барт йер (245а) – күн тоғар йер (245а) – батыс – шығыс) жеткілікті дәрежеде кездеседі.

Түбір антонимдер: зат есімді антонимдер: тағ (272б) – йазы (218а) – тау – жазық, күн ай (136а) – күн мен ай, йер су (173б) – жер мен су; Түбір сын есімді антонимдер: кең (108а) – тар (160а) – кең – тар, көп (264а) – аз (136а) – көп – аз, түбір үстеулі антонимдер: кече дағы күндүз (173б) – түн мен күндіз.

Туынды антонимдер: бұның көп бөлігі сын есімді болып келетінін аңдаймыз: ағыр (227а) – йенгіл (223а) – ауыр – жеңіл, арық (105б) – арықсыз (125а) – таза – лас, аһісте (98а) – чапық (403б) - әсте – шапшаң, біліклік (119а) – білік.

Айта кетет нәрсе, екі ұдай мағына беретін сөздердің түркішесімен моңғолшасын қатар беріп отырады. Мысалы: ғар – қар – (блудница) – кейінгі тілімізде «мұңдар қар» деген тіркесте кездеседі, бұл тіркес батырлар жырында мейлінше жиі ұшырайды. «Уй» – сиыр (бұқа) – 143 б. «Ғушр қойды» – қусырып отыр – 393 б.

«Бұ тәңір діні» деген тіркестің өзі сол кезеңдерде ислам мен тәңіршілдік те қатар болғандығының айғағындай. «Екі қат қылған» (сделанның вдвое больше) – (304 а) тіркесіндегі «қат» сөзі тілімізде «жеті қат көк» деген сзінде кездеседі. «Йар» – (261 а.) – друг – «дос» кейінгі нұсқасы парсыдан енген.

«Аяғын тартты» (222 б.) – абайлады деген мағынасында айтылған сөз әдеби тілге тән белгі десе де болады.

**Қолданылған әдебиеттер:**

1. Хорезми. Махаббатнама. Алматы, 1985, 8-бет
2. Бартольд В.В. Кыпчаки // Соч. Т.10. М., 1968, Т.5. 550с.
3. Матариалы по истории туркмен в Туркмении. Т.1., 185 с.
4. Бартольд В.В. Хорезм // Соч. Т.3. 544 с.
5. Ахинжанов С.А. Кыпчаки в истории средневекого Казахстана. Алматы, 1995, 203 с.
6. Бартольд В.В. Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии. Соч.,М., 1968, Т.5.,116 с.
7. Курышжанов А.К. Язык старокыпчакских писменных памятников XIII-XIYвв. Автореферат на соискание уч. степени д.ф.н. Алматы, 1973, 46 с.
8. Әз-Замахшариге қатысы мағлұматтар Б.З.Хамидовтың "Замахшари (о жизни и творчестве)" деген еңбегі бойынша жазылды. // Жинақ: Семитские языки, выпуск (ч.2). М., 1965 542-556 сс.
9. Крачковский И.Ю. Изб., соч., т.4, М-Л., 1957, 313 с.
10. Мысалы, Нәжіп Ә.Н. Заслуги арабских филологов в области изучения тюркских языков // Жинақ: Семитские языки. Выпуск (ч.2) М., 1965, 617-625 с.
11. Құрышжанов Ә. "Ескі түркі жазба ескерткіштері (XI-XYI ғғ.) курсының программасы. Қарағанды, 1986, 16-бет. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. 1971, 30-31-бб. Құрышжанов Ә. Язык старокыпчакских письменных памятников XIII-XIY вв. 1973, 5 с.
12. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия, Соч., т.1, 201 және 527 беттер.
13. Бартольд В.В. Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии. Соч., М., 1968, т.5, 116 с.
14. Маркс К., Энгельс Ф. Соч. т.20. 346 с.
15. Султанов Ш., Султанов К. Омар Хайям. М., 1987, 108-176 с.
16. Халидов. Көрсетілген еңбегі, 549-бет.
17. Халидов…554-б.
18. Халидов…553-б.
19. Боровков А.К. Монгольские глоссыв Бухарском списке "Мукаддимат аль-адаб"// Журнал "Народы Азии и Африки", 1964, №1, 140 с.
20. Сонда.
21. Поппе И. Монгольский словарь "Мукаддимат ал-адаб", 7-8 с.
22. Ибатов Ә. Алтынорда дәуіріндегі жазба ескерткіштер // Кітапта: Баға жетпес мұра. Алматы, 1993, 49-бет.
23. Самойловия А.Н. К истории среднеазиатского-турецкого языка, сб. "Мир-Али-Шир". Ленинеград, 1928, 21-22с.
24. Ибатов Ә. Алтынорда дәуіріндегі жазба ескерткіштер…, 46-47-бб.
25. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Мектеп, Алматы, 1971, 53-б.
26. Құрышжанов Ә. Куманша-қазақша жиілік сөздік. "Ғылым", Алматы, 1978 7-б.

27. Томанов М. “Әдеби тілдің әлемі”//Қазақ әдебиеті, 26 шілде, 1986ж.
28. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. Алматы: 1988 11 бет.
29. Томанов М.Т. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы. Алматы: 1981, 8-бет.
30. Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыстық жүйесі. Алматы: “Мектеп”, 1985, 13-бет.
31. Исаев С. Тілдер құпиялары //Қазақ тілі мен әдебиеті, №4, 1983, 74-бет.
32. Исаев С. Тілдер құпиялары //Қазақ тілі мен әдебиеті, №4, 1983, 74-бет.
33. Голубовский П.В. Печенеги, торки и половцы до нашествия татар. Киев, 1884. 33 с.
34. Иностранцев К.А. Хунны и гунны. Л., 1926, 43 с.
34. Бартольд В.В. История турецко-монгольских народов. Ташкент, 1928, 5 с
35. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Фонетика. Лексика. Алматы, 1975, 86-б.
36. Арынов Т. Китаб “Аттуһфа-уз закийа фил луғат-ит туркийа” лексикасы туралы бірер сөз. Жинақта: Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981, 165-169 бб.
37. Сағындықов Б. Кейбір ескі түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы элементтері жайында // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы. 1981, 158-бет.
38. Сағындықов Б. Көрсетілген еңбек, 158-бет.
39. Реформатский А.А. Введение в языкознание. М., 1967, с. 483.
40. Юдин В.П. О родо-племенном составе могулов Могулистана «Могулии и их этнических связах с казахскими и другими соседними народами // Изв. АН Каз ССР. Серия общественные науки, 1965, Вып. №3.
41. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. Алматы. «Ғылым», 1988, 15-16 беттер.
42. Монғол-қазақ тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы. Өлгий, 1984, 8-бет.
43. Аханов К. Қазақ тілі лексикасының мәселелері, 1956, 65-бет.
44. Қазақша-моңғолша сөздік. Ұланбатор, 1977, 8-бет.
45. И.Поппе…С.7-8
46. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. Алматы. “Мектеп”, 1975, 1-бет.
47. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. Алматы. “Мектеп”, 1975, 12-бет.